



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады
№11-12
(791-792)
20 наурыз
2020 жыл

ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТҚАН



КЕСЕЛМЕН КҮРЕС

16.03.2020

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫМЕН ЕЛІМІЗДЕ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНДЫ



19.09.2020

НҰР-СҰЛТАН ЖӘНЕ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫНДА
КАРАНТИН ЕНГІЗІЛДІ



КАРАНТИН ЕНГІЗУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

КАРАНТИН КАРАНТИН КАРАНТИН КАРАНТИН КАРАНТИН


- карантин аймағының периметрін белгілеу және оған кіру/одан шығу пункттерін анықтау;
- адамдардың қозғалысын, сондай-ақ көлік құралдарының кіріп/шығуын шектеу;
- үш санат: ауруды жұқтырғандар, инфекцияға күдіктілер, карантиндегілер санаты бойынша арнайы емдеу мекемелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- азаматтардың қозғалысын шектеу үшін қалалар аумағының секторларын және олардың шекараларын анықтау;
- қоғамдық көлік қозғалысын күндізгі уақытта тоқтата тұру немесе шектеу және түнгі уақытта тоқтату;
- азық-түліктік емес сауда базарларының жұмысын, азық-түлік өнімдері мен дәрілік заттарды сататын нысандарды қоспағанда, ірі СОСО және сауда үйлерінің жұмысын уақытша тоқтата тұру;
- санитариялық-эпидемияға қарсы шараларды күшейте отырып, «клиенттерге дейін жеткізу» қағидаты бойынша қоғамдық тамақтану нысандарының жаңа жұмыс режимін белгілеу;
- ХҚКО-ның жұмыс режимін қайта ұйымдастыру;
- карантиндік аймақтардағы халықтың және әрбір сектордың азық-түлік өнімдеріне, дәрі-дәрмектерге, тіршілікті қамтамасыз ету заттары мен алғашқы қажеттілік тауарларына тәулік сайынғы қажеттілігін анықтау;
- карантиндік аймақтың әрбір секторы үшін қоғамдық көлік қозғалысын барынша шектеуді ескере отырып, сауда және азық-түлікпен әрі алғашқы қажеттілік тауарларымен қамтамасыз ету орталықтарын анықтау;
- ұйымдастырушылық сипаттағы басқа да шаралар

ЖҰҚТЫРҒАНДАР – 200 003
КӨЗ ЖҰМҒАНДАР – 7980
ЕМДЕЛГЕНДЕР – 81 290 4

ӘЛЕМ
18.09.2020



Coronavirus Infection Map



АШЫҚ ӘНГІМЕ

Jas qazaq газеті алыс аймақтар мен облыс орталықтарында тұратын зиялы қауым өкілдерін газет бетіне шығарып, олардың ой-пікіріне орын беріп отыруды дәстүрге айналдырды. Сөз қадірі бөз қадірінен қымбат болған көшегі кеңес тұсында әдебиеттің ауылы түтінін түзу ұшырып тұрған еді. Ал бүгінгі күні қалай? Осы сұрақтарды аймақтағы меншікті тілшіміз Көкшетау қалалық «Көкшетау» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Серік Жетпісқалиевке қойып, ой бөліскен еді.



Серік ЖЕТПІСҚАЛИЕВ:

«ШАЛҒАЙДАҒЫ БІЗДЕР ШҰЛҒАУЫМЫЗҒА ШЫРМАЛЫП ЖҮРМІЗ»

Jas qazaq: Құрметті Серік Сапарұлы, әдеби ортадан жырақта жатқан біздің өлкеде көркем әдебиеттің жайы қалай? Қоғамдағы көп кеселдің емін табатын да, адам жанын жақсылыққа баулитын да әдебиет емес пе еді? Бүгінгі күні сөз өнерінің сұйылуына не себеп?

С.Жетпісқалиев: Талантты, талғамды қаламгерлердің қолынан шыққан көркем әдеби шығармалардың бір мың, екі мың данамен ғана жарық көруі, яғни аздығы көптен сынға алынып келеді. Оның зардабын орталықта емес, шетте, шалғай облыс, аудандарда отырған біз анық сезініп отырмыз. Көптеген керемет, құлшына оқыр кітаптарымызды көре де, ала да алмаймыз. Газеттерден ғана «сондай кітап шықты» деген қысқа хабар, анонсты байқап қаламыз.

Бұған дейін «Кеңестік қоғамның бір жақсы жері көрнекті қаламгерлердің туындысын кем дегенде 40-50 мың данамен басып шығаратын. Оқырманнан сұраныс болса, қайта бастырып тарататын. Қазір де сондай тиражбен шыкса» деуші едік. Енді бүгінгі таңда басқа бір шындық шаншудай қалала бастады. Ол – ғаламтор, әлеуметтік желіні ертеп мінген жастардың кітап оқымауы, әңгіме, повесть, хикаят жарияланатын газеттерді жастардың қолға алмауы. Қанша түрткілесен де олар: «Әлеуметтік желіден, интернеттен оқып аламын» деп, кітап тұстаудан жалтарға береді. Қалын-қалың роман-повестерді шұқшиып отырып, тұшынып оқиды дегенге көңілі түскір сенбейді. Шындықтың бетіне тура қарасак, біздің өңірде соңғы 10-20 жылда прозалық шығарма жазуға құлшынған жас көрмеппіз. Себебі сол – прозалық шығармаларды оқымаудан шығар. Сондықтан, өресі биік, талғамы түзу, талапқа сай деңгейдегі әдеби туынды әзір қырық, елу болмай-ақ, жиырма, отыз мың данамен таралса да жететін сияқты. Соны таратып, насихаттап, оқуды жолға қойып алған соң, сұранысқа қарай басыла бермей ме? Дәл бүгін кітапқа таласып жатқан жастар жоқ қой... Қолға алып, астын сызып газет, кітап оқудың берері көп-ау. Кей тұсында ойға бөгіп, кей тұсын қайыра оқып, онаша, әсем бір күй кешудің әсеріне не жетсін? Ерекше ықпалы бар мәдениет қой.

Jas qazaq: Кітап – жан азығы емес пе?

С.Жетпісқалиев: Кітап оқымаған соң талғамның төмендейтіні жаңға батады. Орталықтарда, әдеби-мәдени ортасы қалыптасқан ірі қалаларда оңай шығар, шалғайда, еңселі дүниелер оқылып жатпаған, алып авторлар алшаң басып келіп, озық пікірін айтып ортамызда жүрмеген жерде, оқырман талғамы өкінішке қарай, құлдырап барады.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАЗАҚҚА ҚАЗЕТ КӘСІП

ТҮЙМЕ ЖАСАУ ДА ТҮЙЕДЕЙ ТІРЛІК



Қазақ ежелден жантақтан ине, жаңқадан түйме жасаған халық. Бүгінгі заманда түймені пластмассадан жасайды. Шымкент қаласында «Қазпласт» атты компания бар. 2006 жылы негізі қаланып, нарықта 8 млн сомамен кәсіп бастаған. Иә, кіп-кішкентай түймеге сонша қаржы жұмсау қажет пе еді? Жалпы, бұл өндірістен пайда табуға бола ма? Біз «Қазпластың» негізін қалаушы әрі директоры Дана Жұмабаевамен әңгімелесу барысында жеңіл өнеркәсіп саласындағы өзіміз біле бермейтін құпияны білдік. Сөйтсек, түйме жасау да түйдей жұмыс екен.

(Бұл туралы 4-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
28,66

DOLLAR
435,85

EURO
483,44

РУБЛЬ
5,84

АПТАНЫҢ АМАЛЫ



ҚҰРЫҚ

Сыбайлас жемқорлық қоғамдағы ең күрделі мәселе ретінде мемлекеттік саясаттың басты бағытына айналды. Осы орайда, Президент Қ.Тоқаев қоғам індетімен күресті күшейту, оған азаматтық қоғамды жұмылдыру туралы диалог орнату, мемлекеттік аппараттың ашықтығын айқындау бойынша бірқатар жұмыс жүргізуде.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ

Агенттіктің 3 мыңнан астам мүшесі бар арнайы мониторинг топтары қоғамдық бақылаудың тиімді құралына айналды. Былтыр аталған топ 700-ге жуық шара өткізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық-ағартушылық штаб құрылды. Бүгінгі таңда танымал қоғам қайраткерлерінен тұратын 300 мүшесі бар штаб барлық өңірде жұмыс істеуде.

Агенттіктің 1424 call-орталығы тәулік бойы жемқорлық деректері туралы хабарлама қабылдайтын кері байланыстың танымал арнасына айналуда. Былтыр қонырау шалұшылар саны үш есеге *(353-тен 988-ге дейін)*, расталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу саны екі есеге *(32-ден 66-ға дейін)* артты.

Агенттік қызметінің негізгі бөлігін қылмыстық-құқықтық шаралар құрайтыны белгілі. Былтыр 1717 жемқорлық қылмысы тіркелді. Оның жартысынан астамы паракорлыққа тиесілі *(928)*. 1002 адам сотталды. Шығын сомасы 24,6 млрд теңгені құрады. Оның 22,7 млрд теңгесі өтелді.

Таяуда Президенттің тапсырмасын іске асыру мақсатында жемқорлық дерегін хабарлағаны үшін азаматтарды көтермелеудің жаңа жүйесі туралы үкімет қаулысы қабылданды. Енді көптеген елдердегі секілді сараланған сыйақы болады. Сыбайлас жемқорлық дерегі туралы хабарлаған тұлға соттың айыптау үкімінен кейін пара немесе залал соманың 10 пайызын ала алады. Ең жоғары сыйақы мөлшері 10 миллион 600 мың теңге. Бұл шара азаматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске

барынша белсенді жұмылдыруға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Жергілікті әкімдіктердің қолдауымен 12 өңірде ашылған сервистік «Антикор-орталықтары» агенттіктің азаматтық бастамаларды қолдауға жасалған шешуші қадамның бірі.

Бүгінде «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда ашылған. 75 мыңнан астам ерікті бар «Адалдық алаңы» жобасы аясында бірқатар маңызды

комитетте, 5 квазимемлекеттік сектор субъектiсiнде сыбайлас жемқорлыққа сыртқы талдау жасалды. 226 өңірлік мемлекеттік орган мен ұйымдардың қызметіне талдау жүргізіліп, оны жою жөнінде 2 мыңнан аса ұсыныс енгізілді. 800-ден астам ұйымдастыру шарасы қабылданып, 63 нормативтік құқықтық актіге өзгерту енгізілді. Қылмыстық істі тергеу қорытындысы бойынша 3 мыңға жуық ұсыныс енгізіліп, нәтижесінде 1 175 лауазымды тұлға тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Былтыр квазимемлекеттік секторда 324 сыбайлас жемқорлық қылмысы ашылып, 106 адам сотталды. Құқық қорғау органдарының 237 қызметкері қылмыстық жауапкершілікке тартылып, оның 163 сотталды. Жоғарғы Сот басшылығының белсенді қолдауымен сот қатарын тазарту бойынша шаралар қабылданып, 7 судья сотталды. Тағы төрт судьяға қатысты тергеу жүргізілуде.

Жыл қорытындысы бойынша білім беру *(161 қылмыс)*, ауыл шаруашылық



әлеуметтік мәселе шешілуде. Былтыр заң қауымдастығының қолдауымен еліміздің 176 өңірінде «Халық заңгері» акциясы ұйымдастырылып, бір күнде 18 мыңға жуық азамат тегін заң кеңесін алды.

Агенттік отандық және шетелдік инвесторлар іске асыратын жалпы сомасы 12 трлн теңгеден астам 400-ге жуық бизнес-жобаға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолдау көрсетеді. Осыған дейін 358 бизнеске заңсыз араласу дерегі анықталып, 400 кәсіпкердің құқығы қорғалды.

Былтыр желтоқсан айында ғана «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп мемлекеттік сатып алу бойынша 800 млн теңге көлемінде бюджеттік қаражатты тиімсіз пайдалануға тосқауыл қойылды. 2 министрлікте, 4

(155) және денсаулық сақтау *(109)* салалары жемқорлыққа бейім салалар қатарынан орын алды. Қазір тергеу жұмыстарының нәтижелері бойынша қылмыстық істердің 87 пайызы сотқа жолданды. Істердің үштен бір бөлігі жеделдетілген түрде немесе процессуалдық келісім жасау жолымен аяқталды.

Қоғамда сенім болған жағдайда ғана нақты нәтижелерге қол жеткізуге болатыны аян. Парасатты қоғам тек сындарлы диалог пен тиімді серіктестік негізінде қалыптасады.

Қуаныш ЖАПАҚОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аппарат жетекшісі

Даму

ШЫМКЕНТТЕ ӨНДІРІЛЕДІ

Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты медициналық бетпердеге сұраныс артты. Осыған орай, Шымкент қаласындағы кәсіпорындар бетперде тігуді қолға алды. Мәселен, «Азала текстиль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шыт мата мен дәке өндіре бастады. Әзірге бұл серіктестік «Гауһар» тігін фабрикасының тапсырысын орындап жатыр. Компания басшылары ірі көлемде тапсырыс қабылдауға дайын екендерін жеткізді.

Компания директорының орынбасары Манат Төлеутаева: «Сұраныстың артуына байланысты осы аптаның басынан бастап бетперде тіге бастадық. «Экофарм» дәріханалар желісіне тәулігіне 40 мың дана бетперде өткізулеміз. Тапсырыс көбейсе, тәулігіне 500 мың дана бетперде тігуге мүмкіндігіміз бар», — дейді. Оның айтуынша, 16 қабат дәкеден тігілген бетперденің өзіндік құны — 160 теңге. Бағасы қымбаттау болғанымен, бұл бетпердені күні бойы тағып, кешкісін жуып, үтіктеп, ертесіне қайта пайдалануға болады. Осылайша, бір бетперде адамды бір апта бойы вирустың жұғуынан қорғайды. Демек, ол бар-жоғы 2-3 сағатқа жарайтын бір реттік бетпердеден әлдеқайда арзан, бірақ әлдеқайда сапалы.

Манат Төлеутаеваның айтуынша, қазір өзге фармацевтикалық компаниялармен де келіссөз жүріп жатыр. Сондай-ақ қала әкімдігі де мемлекеттік және бюджеттік мекемелер үшін тапсырыс беретінін



хабарлаған. Демек, жақын күндері Шымкент қаласындағы дәріханада медициналық бетперденің тапшылығы жойылады.

Шымкент тұрғындарын медициналық бетпердемен толық қамтамасыз ету мақсатында маска тігетін екінші цех ашылды. Цех «Жеңіл өнеркәсіп және сервис» колледжінің базасында орналасқан. Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов цехтың жұмыс барысымен танысты. Онда 300-ден аса жұмысшы күніне 100 мыңнан аса маска тігуді қолға алып, жұмысты бастап кетіпті. Жұмысшылар қажеттілікке қарай маска мөлшерін көбейтіп тігуге мүмкіндігі барын жеткізген. Осылайша, мегаполисте бетперде тігуді қолға алған фабрикалар күніне 600 мыңнан аса маска шығарып, қала тұрғындарының сұранысын толық қамтамасыз етпек.

Медициналық бетперде ғана емес, қолға арналған антисептиктерге де сұраныс жоғары. Сондықтан Шымкенттегі антисептик өнімін шығаратын кәсіпорын жұмыс қуаттылығын арттырған. Қала тұрғындарының сұранысын қамту мақсатында, қала әкімі Мұрат Әйтенов «Асем» ЖШС-нің жұмысымен арнайы барып танысты. «Ордабасы» индустриалды аймағында орналасқан кәсіпорын күніне 4 тонна залалсыздандыру өнімін шығарып отыр. Ондағы 30-дан астам жұмысшы үш ауысымда жұмыс істейді.

Кәсіпорын жұмысымен таныстыру барысында мекеме басшысы Мұхит Асанов нарықта сұраныс туындап жатса, өндіріс қуаттылығын арттыруға дайын екенін жеткізген.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Керек дерек

- Жұмыс күні 5 күннен 3 күнге қысқартылса, жұмыскер 3 күндік жалақыны алады.
- Сергіз сағаттың орнына 4 сағат жұмыс істесе, 4 сағаттың жалақысы төленеді.
- Жұмысында қысқаруға ұшырағандар мемлекеттік сақтандыру қорынан жалақысының 40 пайызы көлемінде 6 ай бойы әлеуметтік төлем алады.

(Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі)

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



300

млрд теңге
кәсіпкерлерге
бөлінетін қаржы

111

теңге. Бір рет
қолданатын
масканың бағасы

512

орынға арналған
карантин жатақханасы
дайын

1300

медқызметкер
Алматыда тәжжеселге
қарсы күреске
жұмылдырылды

Сөз-Жебе

**Дариға
НАЗАРБАЕВА,**
Сенат төрайымы.



«Үрейлі көңіл күй, қауесет пен жалған ақпарат таратуға үзілді-кесілді тоқтау салу керек. Дүрліктірушілер мен арандатушылар – коронавирустың өзі сияқты біздің дұшпанымыз. Пандемиямен күресудегі біздің ортақ жетістігіміз бірінші кезекте, бүкіл қоғамның, еліміздің барлық азаматтарының, біздердің, қазақстандықтардың жауапкершілік ұстанымына байланысты. Тыныштықты, тәртіпті, тазалықты сақтау, оқшаулану, өзіңізге және жақын адамдарыңызға қамқорлық жасау - вируспен күресудің басты құралы. Бүгін бәрімізге ынтымақтастық және өзара жауапкершілік пен көмек қажет. Өзіңізді және жақын адамдарыңызды күтіңіздер. Бәріміз бірге жеңеміз!»

Аптаның айтары



Көрібай МҰСЫРМАН, *Мәжіліс депутаты:*

«Қазір еліміз отандық өндірушілерден гөрі кім көрінген бұйым өндіретін импорттық тауар қоңқысына айналып барады. Сауда орындары мен базар сөрелеріне нарықтық мафияның кесірінен отандық тауарлар жете алмай отыр. Өйткені, саудагерлер арзан импортқа басымдық беріп, тауар өндірушілерге өз өнімін қымбат бағамен сатуға мәжбүрлеуде».

Жұрт оқу оқып, көз майын тауысып, арман етіп, мақсұт кылып, өмірін сол жолға арнап, жазу машығын жетілдіріп ақын-жазушы атанғандармен «ауылдың алты ауызы» демекші, ағайын-туғанына, құда-жегжатына туған күніне орай құттықтау өлең жазып, оларын жинақтап, кітап қып түптеткендерді тең көреді. Жалпы, саз әлемінде, ән-өлең әлемінде болсын, «әуеской» деген ұғым болушы еді. Ұмытылды. Асылықтан, біреуді кемсітуден Алла сақтасын! Бірақ жұрт кәсіби шығармашылық, кәсіби өнер мен әуескойлықтың аражігін айыра алмай қалды. Бұл көркемдікке көзқарасты түсіріп жіберетін жағдай болса керек. Сонда, өсіп-жетіліп келе жатқан жастар талғамын қалай тәрбиелейміз?

Jas qazaq: Біз мұндай хәлге қалай жеттік? Себебі мен салдарын айта аласыз ба?

С.Жетпісқалиев: Оның салдары мен себебі жетерлік. Бірақ, біздің ойымызша, солардың ішіндегі негізгілері шын мәнісіндегі көркем әдебиеттің жетімді таралмауы, қалын оқырманға жетпеуі. Олар қолжетімді болып, жалауы желбіреп тұрса, қалын оқырман оқып, айтып жүрсе, оның айбары айналасындағы «шөп те

» «ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕН, ИНТЕРНЕТТЕН ОҚЫП АЛАМЫН» ДЕП, КІТАП ҰСТАУДАН ЖАЛТАРА БЕРЕДІ. ҚАЛЫҢ-ҚАЛЫҢ РОМАН-ПОВЕСТЕРДІ ШҰҚШИЫП ОТЫРЫП, ТҰШЫНЫП ОҚИДЫ ДЕГЕНГЕ КӨҢІЛІ ТҮСКІР СЕНБЕЙДІ. ШЫНДЫҚТЫҢ БЕТІНЕ ТУРА ҚАРАСАҚ, БІЗДІҢ ӨҢІРДЕ СОҢҒЫ 10-20 ЖЫЛДА ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМА ЖАЗУҒА ҚҰЛШЫНҒАН ЖАС КӨРМЕППІЗ.

Серік ЖЕТПІСҚАЛИЕВ:

«ШАЛҒАЙДАҒЫ БІЗДЕР ШҰЛҒА УЫМЫЗҒА ШЫРМАЛЫП ЖҮРМІЗ»



өлең, шөнге де өленді» жаскар еді, мысы басар еді. Керемет, көркем шығарма қолына тиіп, тамсанып оқып шыққан әкесі сотқаға үңілген баласына: «Мына кітапты міндетті түрде оқы!» деп тапсырмас па еді, сонда. Оқып болған соң пікір алмаспас па еді? Ол жолдастарына айтып, кітап қолдан-қолға өтіп, жалғаспас па еді? Қолына мықты кітапты нықтап ұстатып, тапсырмаған соң бала жай «кітап оқы» дегенді тындап тұр ма, бұл күнде?

Екінші, қара қылды қақ жарған әдеби сынның үнсіз қалғаны. Бар болса, тағы бізге, яғни Алматыдан алыс ауыл-аудан, облыстарға жетпеуі. «Бүгінгі қаламгерлер, бүгінгінің адамдары сынды көтере алмайды» деген тұжырым сыншыларды тежеп тастағандай. Төбеден төніп тұрған сыншысы жоқ әдебиетке енді ерінбегеннің бәрі өңмендеп кіріп жатқандай.

Jas qazaq: Өзіміз де осы сынның жайын сұрағалы отыр едік.

С.Жетпісқалиев: Бұрын, иә, сол кенестік дәуірде жана бір шығарма оқысақ, көп кешікпей ол туынды туралы Зейнолла Серікқалиев, Бақыт Сарбалаев, Сағат Әшімбаев, Бекен Ыбырайым сияқты сыншылардың рецензияларын, талдау макалаларын оқып, оның жақсы-жаманын, кем-кетігін, жетістігін, әдебиетке әкелген жаңалығын, қаламгердің стиль ерекшелігін түсінетін едік. Басқа кітаптарға сол көзқараспен, сол талғаммен қарай бастаушы едік. Сыншы мақаласы арқылы білгеніміз толығып, шынайы әдебиет туралы түсінігіміз түзеліп, талғамымыз өсетін еді. Не оқып, қай кітапты іздеуіміз керек екенін айқындап алушы едік. Қазір, сол шынайы шындықтан шет қалдық. Әсіресе, шалғайдағы біздер. Қазақша айтқанда, шұлтауымызға шырмалып, сүрініп-қабынып жүрміз. Демек, тек әдебиеттегі емес, қоғамдағы сыншылар атқарар жұмыс, ықпал орасан екен ғой! Жарасқан ағамыздың ақын-жазушы, өнерпаздарға жазған бір-бір ауыз эпиграммалары, пародияларының өзі бір үлкен дүние екен ғой! Қаншама пікір тудырып, талайларға етек-женін жидырып, кейінгілерді жайсыз күйге түсіріп, жасқап тастайтын еді ғой! Қазір соның бірі жоқ.

Jas qazaq: Қысқасы, сыншылардың терең, уәжді, қисынды, әрі-беріні қамтыған өрелі талдауына қолымыз жетпей, тақыл-түкыл жүрміз дейсіз ғой. Демек, талғам байғұсымыз да там-тұмдап жиған білімімізге қарамастан, тоқырап, таяздана түскені ме?

С.Жетпісқалиев: Әйтеуір, Ақмола облыстық ішкі саясат басқармасы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары казак педагогикалық колледжі, М.Жұмабаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы ұйымдастыратын ғылыми конференцияға келетін еліміздің үлкен ғалымдарының баяндамасын тындап, бір жасап қаламыз окта-текте. Әңгімесін сондарынан қалмай, аяқтарын үзенгіге салғанға дейін

» ТАЛҒАМ ТӨМЕН БОЛҒАН СОҢ ҚОҒАМНЫҢ, ЖҰРТТЫҢ ЖЕЛ СӨЗГЕ ЕРУІ ОҢАЙ ЕКЕН. «Ә» ДЕГЕНДЕ АҚ ПЕН ҚАРАНЫ АЙЫРА АЛМАЙ, КӨРІНГЕНГЕ ИЛАНЫП, ӘЛДЕБІР ОРЫНСЫЗ УӘЖГЕ БАС ИЗЕП, ЖҮГЕНСІЗДІҢ ПІКІРІНЕ ЖЫҒЫЛА КЕТУ ДЕГЕНІҢІЗ ЖИІ ҰШЫРАСАДЫ. КӘСІБИ, САЛМАҚТЫ, САБЫРЛЫ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ АЛДЫН КӨБІНЕ ЕРМЕК НЕМЕСЕ ТАНЫМАЛДЫЛЫҚ, ТАБЫС ІЗДЕГЕН БЛОГЕРЛЕР ОРАП КЕТТІ.

тындаймыз. Өйткені, шарада берілген он бес-жиырма минутта олардың қоржынындағы жиған-тергені түгел айтылмайтыны белгілі. Айлап-күндеп жатуға олардың уақыттары жоқ. Кітаптарының жағдайы — жанағындай. Үкілі Ыбырай атындағы облыстық филармония жылына бір «Гәккулеткен, аққу жеткен — Көкшетау» деп аталатын Арқа әндерін насихаттауға арналған фестиваль өткізіп, арқа-жарқа етеді. Әрине, олардың қонағы да асығыс. Бар білгенін өңір халқына сарқа жеткізіп кете алмайды. Тамсанып қала береміз.

Содан да «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» сияқты газеттерге, ежелгі серігіміз «Жұлдызымызға» жүгінеміз. Дидар Амантай, Амангелді Кеншілікұлы сияқты білімдар әдебиетшілердің пікірі шыға қалса, оқып, қасқалдақтың қанындай кітаптарын іздестіреміз. Сирек кездестіреміз. Онымыз тәттінің дәмін әлдеқашан ұмытқан шалдың аузына немересі мүз көмпит салып жіберген әлегі сияқты көрінеді. Қызығымызды созып, ұзақ қауғандаймыз. Алмас қылыштай әдеби сын болмаған соң талғам түзеуге тырысып, ірі қаламгерлердің әлдебір әріптесі туралы жазған мақаласын, пікірін, әссесін оқимыз. Олардың қатарында Серік Кирабаев, Роллан Сейсенбаев, Қабдеш Жұмаділов, Дулат Исабеков, Ғарифолла

Есім, Сауытбек Әбдірахманов, Сұлтанәлі Балғабаев, Ғаббас Қабышев, Көпен Әмірбек сияқты ағаларымыз, Қали Сәрсенбаев, Жүсіпбек Қорғасбек сынды замандастарымыз бар. Қуаныш Жиенбай, Қуандық Түменбай, Нұрғали Ораз сияқты жазушылар шығармаларынан сөз бен ой сұлулығына қанығамыз. Амангелді Айталы, Мырзатай Жолдасбеков, Төлен Әбдіковтер, Құлбек Ергөбектің сұхбатын сүземіз. Қадыр Мырза Әлі қалдырған сыр, Шерхан Мұртаза қалдырған «Бір кем дүниеге», Жақау Дәуренбеков ағамыздың ой ұшқындарына жаутандап, айтқандарының астарын ұқпаққа ұмтыламыз. Қайран, Әш-ағам-ай! Әшірбек Сығай ағамыздың хабарын, сыр-сұхбатын қолға қалам алып, рахаттанып отырып көріп, көкжиегімізді кеңітетін кез көзден бұл-бұл ұшты ғой! Баяғы, Акселеу, Жәнібек ағалардың хабары сықылды аңызға айналып жүре берді. Ондай

сырбаз, білімдар эфирден көсіле сөйлеп отырса кәні?!..

«Сын түзелмей — мін түзелмейді» деуші едік қой. Өткір тілді, орамды ойлы, жеті қат жер астындағыны білетін біртуар сыншылардың мақаласын жиі оқыса, оқырман да, қаламгер де өсер еді. Кім қолына қалам алсын, желкесінен сыншы төніп тұрғанын сезіп, мандайынан шып-шып тер шығар еді. Өзіне-өзі сыншы болу, сөз қасиетінен қорқу, жауапкершілікті сезіну дәрежесіне жету зор күш болып тұр.

Jas qazaq: Сыншы әдебиетке ғана емес, өнер атаулының бәріне қажет. Сынның ақсап тұрғаны соншалық, қазір журналисттің «маскасын» киіп, атын малданып жүрген блогер де білім-білігіне қарамай, өтірік-шыны аралас, тексерілмеген ақпаратты қалша бората беретін болды ғой.

С.Жетпісқалиев: Талғам төмен болған соң қоғамның, жұрттың жел сөзге еруі оңай екен. «Ә» дегенде ақ пен қараны айыра алмай, көрінгенге иланып, әлдебір орынсыз уәжге бас изеп, жүгенсіздің пікіріне жығыла кету дегеніңіз жиі ұшырасады. Кәсіби, салмақты, сабырлы журналистиканың алдын көбіне ермек немесе танымалдылық, табыс іздеген блогерлер орап кетті. Мүмкін блогер емес, телефон ұстаған қарапайым тұрғын. Алдымен айтады, көбіне асыра сілтейді. Оның сөзінің шыншылдығын, айтқанының жөн-жосығын анықтауға ешкім мән бермейді. Содан орынсыз пікір өрбиді. Қоғамдық пікір туғызуда үлкен үлесі бар, әлеуметтік желінің жалауын желбіретіп жүргендерге әлдебір жауапкершілік жүктеліп, әдеп, мәдениет, сауаттылық, ұлттық ұстаным төңірегінен талап қойылып, ғалымдар бағыт-бағдар сілтеп, ағалар ақыл айтуы керек сияқты. Еркіндік жақсы, алайда отансүйгіштік, өз халқын, өз жұртын сую, оның салт-дәстүр, әдет-ғұрпын құрметтеу, қалпын сақтау қажет емес пе? Кітап оқымаған, үлкенді сыйламаған, ұлттық құндылық бойына сіңбеген әлгіндей белсенділер «атың шықпаса, жер өрте» деп біреу сүрінсе, біреу жығылса, оның себебін ескермей, түймелейді түйелей етіп, желдірте жөнеледі. Өйткені, «сары басылымдардың» басты ұстанымы — сенсация екенін құлағы шалғаны бар. Сөйтелді де, жар басында жамандық күтіп жарбиып отырған байғұз, не қара қарғдай бағып отырады. Бола қалса, оған өтірікті қосып, оқиғаны үстемелеп, «тұздықтап» құтырталды. Оған көпшілік қосылып, әңгімені қоздырса, атының озғаны. Арда бірер күн өткен соң оның айтқанының дені өтірік болып шығады. Онысына қысылып жатқан кім бар? Өтті — кетті. Ол келсе оқиғаны құтул.. Оны сынап-мінеп жатқан ешкім жоқ. Дұрысында, сенсация іздесе, оны жақсылықтан да табуға болар еді. Ел ішінде ерекше ерлік жасаған, ерекше өнері, қасиеті барлар толып жатыр. Тек оларды іздеу, тер төгу керек қой. Тосын оқиғаны қара аспанды төндіріп, төпелей жөнелу оңай.

Орталық телеарнада хабарды арнайы білім алған кәсіби журналист емес, әншілер, әртістердің жүргізуі сыңға алынғаны қашан? Соңғы кезде бұл үрдіс мүлде күшейіп кетті. Экраннан әдемі көріну, танымалдылық арқылы аудитория тарту жөн. Алайда әнші-әртістерде дәл кәсіби журналист ұғып, сезіп-білер кәсіби түйсік, шеберлік жетіспейді. Соның салдарынан эфир қонағы еркінсіп, өзінің әлдекімде кеткен өшін алып, әдепсіздік көрсетіп, менмендік байқатып алып жатады. Кәсіби маман болса, әңгіме ауаның алдын ала аңғарып, оған жеткізбей, қонағын елге керек мәселені айтуға жетелер еді. Жақында бір тележүргізуші өзі хабарына тақырып етіп алған кітабын өзі оқымағанын айтты. Эфирден. Хабар үстінде. Мұны қалай түсінуге болады? Сыңға құлақ аспағанның, сыынның әлсіз болуы осындай кемшілікті көбейте беретін шығар.

Айтпағымыз, өресі биік көркем шығарма көбірек тиражбен басылып, өңір-өңірге кең таралса, білікті ғалым, жазушы, сыншы белсендірек болып, өткір ой-пікірін шалғайдағы оқырманына жеткізіп отырса, оқырман талғамын қалыптастыруға көбірек көңіл бөлсе дейсің. Бәлкім, сыншыларды ынталандырудың, оларды қорғаудың жолы қарастырылса ғой. Әйтеуір, талғам тәрбиеленбесе, түсінбестік көбейіп, тірелетін тығырықтың көбейе түсері сөзсіз.

Әңгімелескен Байкен КӨБЕЕВ, Ақмола облысы

Лебіз

ЖАСТАР – МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ КҮШІ

Қай дәуірде, қай мемлекетте болсын, жастардың алар орны мен қоғамдағы рөлі жоғары болған. Елбасымыз қай кезде де жастарды қолдап, елдің болашағы туралы өртүрлі мемлекеттік бағдарламалар жасап отырды. Әсіресе, Н.Назарбаев Президент болып тұрған жылдары «Болашақ» жастар бағдарламасын, «Дипломмен ауылға» сияқты білім саласы бойынша нақты бағдарламалар жасады. Жастарды баспанамен қамту бойынша да көптеген жұмыс істелді.



Тәуелсіздіктен бергі бағдарламаларды сараптай келе, оның дені жастарға арналғанын білуге болады. Мәселен, «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» бағдарламасы болсын, бәрі жастарға арналған. Сол бойынша осы бағдарламаларға қажетті әлеуметтік-экономикалық тетіктер қарастырылды. «Болашақ» жастар бағдарламасы туралы айттық қой. Бағдарлама ең алғаш 1994 жылы қабылданған. Ол уақыт тәуелсіздікті енді ғана алған, қиын-қыстау шақ. Экономикалық-әлеуметтік түйткілдерді жеңе отырып, жастарды шетелдің ең алдыны қатарлы университеттеріне оқыту — бұл тарихи шешім еді. Тарихи шешім ғана емес, үлкен тәуекелден шыққан жоба деп білемін. Сол 1994 жылдан бергі 26 жылда 13 мыңнан астам жас «Болашақ» стипендиясының иегері болды. Бұл 18 миллион халқы бар біздің ел үшін үлкен сан. Тіпті басқа мемлекеттер қол жеткізбеген көрсеткіш. Сол 13 мың «Болашақ» түлегінің арасында мен де бармын.

Мен Қытайдың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнының бірі - Фу Дан университетінде магистратура оқыдым. Мемлекеттік басқару мамандығы бойынша, «Болашақ» бағдарламасымен білім алып келдім. Шанхай сияқты әлемдегі ең алып мегаполисте болдым. Демек, бұл бағдарлама менің шетеледе оқуыма жол ашты, дамыған елден білім алуыма септігін тигізді. Қысқасы, «Болашақ» стипендиясы менің өмірімді өзгертті десем артық болмас.

Елбасы 1 жыл бұрын тарихи шешім қабылдап, Президенттік өкілеттігін аяқтады. Саяси билік транзиті ауысты. Бұл — мемлекеттік стратегиялық саясаттың бірізділік сабақтастығын сақтау деген сөз. Солай бола тұра, жастар саясатының рөлі бұрынғыдан төмендеген жоқ. Мысалы, 2019 — Жастар жылы болып жарияланды. Біздің елде 14 пен 29 жас аралығындағы азаматтардың саны 3,8 миллионға жетеді екен. Бұл үлкен ресурс. Мемлекет сол ресурсы барынша тиімді пайдалана білуі керек. Өйткені, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жастар — мемлекеттің негізгі қозғалушы күші. Экономикалық-инновациялық дамуда болсын немесе әлеуметтік-саяси алаңда да жастар негізгі күш саналады. Егер жастар мәселесіне бей-жай қарасақ, олар мемлекеттің негатив күшіне де айналуы мүмкін. Оны Таяу Шығыс елдеріндегі жағдайлар анық көрсетіп отыр. Сондықтан, біздің мемлекет жастар сияқты қоғамның әлеуетті бөлігін ешқашан назардан тыс қалдырған емес.

Былтыр мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыруға бөлінген ақша 40 есеге арттырылды. Соның нәтижесінде 300 млрд тенге бөлінді. Бұл қонақты ақша. Мәселен, статистика бойынша жастарға 10 мың пәтер берілген. «Жас отбасы», «7-20-25», «Ауыл — ел бесігі» дейміз. Демек, ауылды дамыту қажет. Сол үшін осы бағдарлама жасалып, мемлекеттен жеңілдетілген кредит бөлініп, жастар жұмыспен, баспанамен қамтамасыз етілуде. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы қорының «Ел үміті», «Елбасы академиясы» сияқты жобалары дарынды балалар мен талантты жастарды қолдауға арналған бастама. Міне, жастар саясаты дегенде, осындай игі жұмыстар тілге оралады.

Ерлан МӘДИЕВ,

әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Қазаққа қажет кәсіп

Қазақ ежелден жантақтан ине, жаңқадан түйме жасаған халық. Бүгінгі заманда түймені пластмассадан жасайды. Шымкент қаласында «Қазпласт» атты компания бар. 2006 жылы негізі қаланып, нарықта 8 млн соммен кәсіп бастаған. Иә, кіп-кішкентай түймеге сонша қаржы жұмсау қажет пе еді? Жалпы, бұл өндірістен пайда табуға бола ма? Біз «Қазпласттың» негізін қалаушы әрі директоры Дана Жұмабаевамен әңгімелесу барысында жеңіл өнеркәсіп саласындағы өзіміз біле бермейтін құпияны білдік. Сөйтсек, түйме жасау да түйдей жұмыс екен.

Дана Әсембекқызы еңбек жолын 2003 жылы «Сәуле» тігін фабрикасынан бастаған. Қорғаныс министрлігімен келісімшартқа отырып, арнайы киім тігеді. Сол кезде түймеге сұраныстың көптігін және бізде түйменің өте тапшы екенін, онда да Алматыдағы Қазақ соқырлар қоғамының оқыту-өндірістік кәсіпорны ғана шығаратынын біледі. Кәсіпкер «Олардың жұмыс кестесі өте тығыз, тапсырыстары көп. Сондықтан үнемі ұзын-сонар кезекте тұрып, аз мөлшерде ғана ала аласын. Ақ түймеге тапсырыс берсен, сарғыштау қып жасап береді. Түсінің сәйкессіздігі жиі орын алатын. Ал ақшасын алдын ала сұрайды. Онсыз да матаға қаржы жеткізе алмай әлек боп жатқанда, бұл мәселе бізді кәдімгідей тығырыққа тірейтін еді», — дейді.



Сөйтіп, түйме өндірісін зерттеген кейіпкеріміз 2006 жылы желтоқсан айында «Қазпластты» ашады ғой. Пластмассмен байланысты әрі отандық өнім болғаннан кейін атын «Қазпласт» деп қояды. Сол кезде «кішкентай затқа бола атын айқайлатып қойыпты» деп миығынан күлгендер болған. Оған Дана «Қазпласттың» қандай болатынын әлі-ақ көрсетемін» деп намысын қайрап түседі.

Сонымен не керек, оның бірінші түймесі 2007 жылдың 19 шілдесінде шықты. Естен кетпес ерекше сәтті есіне алған ол «Шикізатын Ресей мен Польшадан алдырдық. «Термопласт автоматпен» қалыпқа құю әдісімен кез келген формадағы түймелерді жасап шығардық. Біздің алғашқы ассортиментіміз әскерилердің жейдесі, арнайы киімдерге қажетті түймелер еді», — деді.

«КІШКЕНТАЙ БОЛСА ДА, КЕРЕК НӘРСЕ»

«Сәуле» тігін фабрикасын түймемен толықтай қамтамасыз еткеннен кейін «Қазпласттың» аясы кеңейе бастайды. Семейге, басқа қалаларға тапсырыс жөнелтеді. Ол кезде кәсіпкерлердің көпшілігінде артық ақша жоқ. Сондықтан қай уақытта берген ынғайлы болса, сол кезде төлейтіндей етіп барлық фабрикаларға жағдай жасайды. Әрі салығын да өзі төлеп отырады. Осылайша, біртіндеп отандық өндірушілерді өзіне қарата бастайды. 2010 жылы «Арай» май зауытымен келісімшартқа отырып, май бөтелкелерінің қақпағын шығарады. 2012 жылы карабин, ұштық сияқты тігін саласына қажетті фурнитураларды шығарады.

Фурнитура нарығын жан-жақты зерттей келе, ғаламтордан «Санипласт» деген польшалық түйме өндірушімен танысады. Ол Польшада 50 жылдан бері түйме шығарумен айналысады екен. «Санипласт» «Сенікі — ескі әдіс. Еуропалық стандарт бойынша түйме басқаша өндіріледі», — деп кәсіпорнына Дананы шақырып, өзінің құрылғысын ұсынады. Ал негізі ең мықты құрылғы Италияның «Ваннеси» фирмасында шығарылады. Қытайдың өзі солардың өнімін тұтынатын көрінеді.

Түйме шығарып түйедей іс тындырып отырған кәсіпкер «Мен «Ваннесиге» тікелей шығып, ондағы заманауи құрылғыны 2014 жылы елге кіргіздім. Ол үшін несие алуым қиын болды. Көптеген келдергіге кездестім. «Даму» мен «Сбербанк» әзер дегенде қаржылай қолдады. Себебі түйменің бағасы — арзан ғой. Ал банктегілер «Бұл шығынды қашан ақтайды?» деп ойлайды. Расында, оңай болған жоқ. Еңбек ептілікті сүйеді. Бірінші Алла, екінші серіктестеріміздің арқасында тапсырыс көп болғандықтан, бүгінгі күнге әуірімдеп жетіп отырмыз», — деді. «Құрал-сайман саз болса, машакатың аз болар» дегендей, кейіпкеріміз алдымен құрал-сайманын сайлап алыпты.

Дана Жұмабаева шетелдік құрылғыларды Қазақстанға кіргізгеннен кейін 2015 жылы

Елордада өткен «Қазақстанда жасалған» көрмесіне шақырту алады. Сол жолы түймелерінің сан түрін Елбасыға көрсетеді. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы оның түймелеріне тандана қарап: «Кішкентай болса да керек нәрсе ғой!» деп айтқан екен.

«Түймеден не табады?» дейтіндер де жоқ емес. Дегенмен, бұл күнделікті киімге қолданылатын нәрсе болғандықтан, үлкен сұранысқа ие.

Дана Жұмабаеваның командасы тапсырысқа қарай кез келген үлгідегі түймені шығара береді. Түйме шығарудың дизайнерлік әдістері жетіп артылады. Мысалы, Италияда қымбат киімдерге қымбат түймелер шығарады. Ал бізде ондай қымбат киімдер жоқ. Сондықтан, ең арзан түйме — 2 теңге, ал ең қымбаты — 18,7 теңге.

Түйме өндіру саласында бірінші сатыдан екінші автоматтандырылған сатыға көтерілген «Қазпласт» қазірде басқа да отандық өндірушілермен қоян-қолтық жұмыс істеп жатыр.

Дана түйме өндірісіндегі түйтікідердің бір шетін шығарды. Ол «Азала текстиль» мата, «Саяхат сервис» сентеpon, біз фурнитура шығарып, бір-бірімізді сүйреп жатырмыз. Себебі бір-біріміз сіз күн көре алмаймыз. Менің түймем керек жерге сентеpon

ТҮЙМЕ ЖАСАУ ДА ТҮЙЕДЕЙ ТІРЛІК

да, мата да қажет. Біріміздің мақсатымыз — бір, өнімді өткізу. Қорғаныс министрлігінің тапсырысын орындауға біздер, отандық өндірушілер бес жылдық келісімшарт, яғни консорциумға отырғанбыз. Тапқан пайдамызды

инвестицияға құйып келеміз. Төрт жылын абыроймен алып шықтық. Бірақ жыл сайын бізге кедергі жасайды. «Қазір консорциум мемлекеттік тапсырыстан алынып тасталған» деп желеулетеді. Бұрынғы жемқорлықтың иісі анқыған жүйеге апарып, қайтадан теңдермен өндірісі келеді. Біз ешкімге «ешнәрс» бермейміз. Тапсырысты таза орындауға тырысамыз. «Осы мәселені парламенттік мінберде де көтердім. Егер біз өнімдімізді өткізе алмасақ, несіне қаржы құямыз?!» — деп түсіндірді.

Бұдан бөлек, қарамағында түйме цехынан басқа тігін фабрикасы да бар «Қазпласт» компаниясында 100 адам жұмыспен қамтылып отырса да, әлі күнге жекеменшік ғимараты жоқ екен. Жалға алып отыр. Бұл да бизнес жүргізуде көп кесірін тигізіп жатқанға ұқсайды. Түйме түйтікiлiн қозғай келе «Ал қорғаныс министрлігі егер ғимаратың болмаса, қарамағында 100 адам түгіл 1000 адам істесе де тапсырыс бермейді. Осы әділетті ме? Ал мен салық төлеп жатырмын ғой», — деп мұның шақты.

Шымкенттегі экономикалық немесе индустриалды аймақтан жер алып, ғимарат соғайын десе, 6 пайызбен несие алуға қауқары жоқ. Пайыздық жүктемесін көпсінеді. Өйткені, ертенгі күнге сенімсіздікпен қарайды.

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТІҢ САЛМАҒЫ АУЫР

Шынтуайтында, жеңіл өнеркәсіптің салмағы ауыр. Түпкілікті тұтынушы мен отандық тауар өндірушілер бәсекеге түсе алмайтын импорт өнімдерінің өте ауқымды көлемінің белен алуы өнеркәсіпке үлкен кесірін тигізуде. Біздің нарыққа 70 пайыз импорт тауарын тасымалдайтын шетел мемлекеттерінде жеңіл өнеркәсібі айтарлықтай жетілген, сондықтан, олар біздің халыққа күнделікті киімнің анағұрлым сапалы әрі қауіпсіз модельдерін ұсынуға. Ал бұл үдеріс отандық өндіріс пен тауарлардың тұтынушы алдында тартымдылығын жояды, бәсекеге қабілетсіздік орын алады.

Отандық нарықтың негізгі мәселесі — зансыз тасымалданатын тауар импорты, ресми емес әрі көленкелі келетін есепке алынбаған өндіріс болып отыр. Осының нәтижесінде Қазақстан нарығында әлеуетті сатып алушы үшін сапасы нашар, бірақ бағасы арзан тауарлардың орасан көлемі толастамай, пайда болып отыр.

Осылайша, Қазақстанның ресми компаниялары шығарып отырған стандарттарға сай, дұрыс компоненттерден жасалған сапалы киім үлгілері, жалпы тауарлар сұранысқа ие емес. Нәтижесінде отандық тауар өндірушілер контрафактілі тауарлармен күресуге, бәсекеге түсуге мәжбүр. Мәселен, «Қазпласт» түймелерінің нарыққа шыққанына 8 жыл болса да, әлі күнге экспортқа шыға алмай отыр.

Осындай теңгерімсіз үдеріс салдарынан нарығымызға келетін тауар, өнім сапасы түсіп, табыс та азаяды, ал осының бәрі бюджетке түсетін салық төлемдері көлемін айтарлықтай төмендетіп отыр. Сондықтан нарықта шетелдік, есепке алынбаған, шығу тегі белгісіз, сапасыз тауар жалпы ел экономикасы дамуына кері әсер тигізуде.

Жалғыз шешім — импорт көлемін қысқарту, импортты алмастыру және жеңіл өнеркәсіп саласында отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау. Тағы бір үлкен мәселе — ірі және орта кәсіпорындардың көбі ескі жабдықпен әрі көне технологиялармен жұмыс істеуі салдарынан тауары



бәсекеге шыдас бермейді.

Кәсіпорындарда автоматтандырылған жүйелер жоқ, сондықтан өндіріс толығымен қол еңбегімен орындалады. Сондықтан шығарылатын тауардың өзіндік құны айтарлықтай қымбатқа түсуде. Жеңіл өнеркәсіптегі жағдай қажетті фурнитурамен жабдықтау саласына да байланысты болып отыр. Фурнитураның 25 пайыздан 39 пайызға дейін отандық өндірушілер шығарса, қалғаны импорттық өнім. Нарықтағы түймелердің 60-70 пайызы

шетелден тасымалданады. Әсіресе жейде мен көстөмдерге арналған түйме мен әшекей сырттан келеді.

Сондай-ақ нарыққа Оңтүстік Азия (*Қытай, Тайвань, Оңтүстік Корея*) елдерінен келетін сапасыз, ұсақ-түйек фурнитураның сан алуандығы да кері әсер етіп отыр. Соңғы 3-4 жылда түрік өнімдерінің үлесі артып келеді. Бұл өнім түрі де сапалы бола бермейді. Бұл жайт өнім шығаруда жоғары сапа деңгейіне мән берген кәсіпорындарға мата мен фурнитура жеткізушілермен тікелей шарт жасауға мәжбүрлейді.

Сонымен қатар жеңіл өнеркәсіп саласында жұмысшы мамандарды дайындайтын кәсіби бағдарламалардың жоқтығы да саланы кенжелегіп тұр. Заманауи автоматтық жүйелерін қолданумен технологиялық жабдықта жұмыс істей алатын болашақ мамандарды дайындайтын территориялық арнайы колледждер жоқ. Тіпті қатардағы жұмысшылардың тапшылығы да сезіледі — ескі кадрлар еңбек демалысына шығып, жастар аз еңбекқауға жұмыс істеуден бас тартуда. Соның нәтижесінде мемлекеттік тапсырысты орындау үшін отандық маталар өндірісі мен сатып алу 40-50 пайызға қысқарды. Осылайша отандық тауар өндірушілер өндіріс көлемін азайтып, мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған қуатты жайдан-жай ұстаудан да бас тартуда, өйткені, ол қосымша шығын.

Нарық сарапшыларының пікірінше, жеңіл өнеркәсібінің бөлшек нарығы — азық-түліктік емес тауарлар арасында ерекше маңызы бар нарық болып отыр. Жеңіл өнеркәсібінің 2020 жылға дейін даму стратегиясы бойынша отандық тауар үлесінің ішкі нарықта артуы қарастырылған еді. Алайда нәтиже көңіл көншітпей отыр.

Қазіргі таңда шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін оңтайлы жағдай қалыптасқан. Мемлекеттік қолдау бағдарламаларының талаптары жақсарып, нарықтағы жалпы ахуал оң өзгерген. Технологиялық ерекшеліктер, ауыртпалығы мол әрі артта қалған отандық салдарынан ірі кәсіпорындар тігін саласында тар бағыттар бойынша, мәселен, тапсырысқа эксклюзивті киім тігу бойынша мамандана алмайды. Мәселен, Қазақстандағы жалғыз түйме шығаратын «Қазпласт» компаниясына қаржылай



қолдау кем боп тұрған кезде, әрине, нарықта тапшылық сезіледі. Сол үшін отандық түйме өндірісін қолдау қажет-ақ.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Бизнесті қолдау

ГАЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ПЛИТАСЫН ӨНДІРЕДІ

Түркиялықтар Жетісу жерінен газ және электр плитасын шығаратын зауыт ашпақ. Жуырда Алматы облысына келген түрік кәсіпкерлері осындай бекімге келіп қайтты. Компанияның бас директоры Юсуф Үгенің айтуынша, өлемдегі 130 елге өз өнімін экспорттайтын ірі кәсіпорын. Жетісуда өндіріс ашып, өнімін қазақстандықтарға кеңінен ұсынуға көздеп отыр. Сол сияқты тауарын қырғыз, өзбек сияқты көрші елдерге экспорттауға да ниетті.

Негізінен газ және электр қуатымен жұмыс істейтін пешті шығаруға маманданған алып зауыт 1978 жылы Түркияның Кайсері индустриалдық аймағында бой көтерген. Жалпы аумағы 17,5 гектар болатын жабық ғимаратта орналасқан кәсіпорында қазір 1750 адам еңбек етеді. Аталған компания бүгінде көгілдір отын және электр қуатымен жұмыс



істейтін пештермен қатар, жеке қоюға арналған тұмшапеш (духовка), үстелге орнатылатын плитка, ауа сорғыш жасау жөнінен алдыңғы қатарда. Мұнда бір күнде 850 тұмшапеш, 7500 плитка, 300 ауа сорғыш өндіріледі. 40 жылдан бері осы бағытта мол тәжірибе жинаған компания көптеген халықаралық сертификатты жеңіп алып, ел сеніміне ие болған.

Жетісулықтар мен түрік кәсіпкерлерінің ортасына көпір болып жүрген «Бошер Холдинг» ЖШС жетекшісі Сойыркас Әбдулкасым Түркия жерінде туғанымен атажұртына оралып, Қазақстан экономикасын өркендетуге үлес қосуда. Қаскелең қаласында тұратын ол қазір үлкен сұраныс тудырып отырған пешті шығаратын зауытты Карасай ауданында салуға мұрындық болған.

Осы жобаны жүзеге асыру үшін Елтай ауылдық округіне қарасты Жармұхамбет ауылынан 12 гектар жер жалға алынған. Бұл аумақта қазір зауыттың алғашқы кезеңін іске қосуға мүмкіндік беретін құрылыс нысаны бар. Алдағы уақытта оның іргесін одан әрі кеңейтуге де қолдау жасалады. Құны 2 000,0 млн теңге болатын зауыт құрылысы биылғы күзде аяқталады деп күтілуде. Құрылыс жұмысына 500 адам тартылса, пайдалануға берілгеннен кейін кәсіпорында 200 адам тұрақты еңбек етпек. Зауыттың жобалық қуаты жылына 200 мың газ және электр пешін шығаруға жоспарланған. Алдағы уақытта пештерді Өзбекстан мен Қырғызстанға және Ресейге шығару көзделіп отыр.

Әрине, түркиялық бауырларымыздың елге келіп, зауыт салуға ниет білдіргенін құптаймыз. Түркия экономикасы мен технологиясы өте дамыған мемлекет. Бізде тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету шарасы қолға алынған. Екі миллион тұрғыны бар Алматы облысында елді мекендердің 10 пайызын ғана газбен қамтығанын ескерсек, алдағы уақытта атқарылған жұмыс ауқымды. Таяу жылдары мемлекеттік жоба бойынша Орталық Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола, Қарағанды, Қостанай облыстарына табиғи газ жеткізілмек. Демек, осы өлкелердегі барлық елді мекендегі әр шаңырақ толық газдандырылады. Осы кезде аталған кәсіпорын жасаған пешке деген сұраныс еселене түспек.

Біз кәсіпорын жетекшісі Сойыркас Әбдулкасымға жолығып, пештің қосалқы бөлшегі қайда жасалатынын сұрадық. Оның айтуынша, қосалқы бөлшек Германия, Италия, Иран, Қытайдан, негізгі бөлігі Түркиядан келеді екен. Ал сыртқы қорабы Қазақстанда жасалып, осында құрастырылады. Себебі күрделі технологияны қажет ететін қондырғының кейбірі, тіпті Түркияда да өндірілмейтін көрінеді. Сондықтан шет мемлекеттен алдыруға мәжбүр. Болашақта кейбір бөлшекті жергілікті кәсіпорында шығару жоспары бар.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



Доссорлық көпбалалы анаға баспана алып беру үшін халық жылу жинап жатыр. Бес баланың анасы Разия қазір расымен қиын жағдайда отыр. Отағасы Алдаберген инфарктқа шалдығып, бүгінде екінші топтың мүгедегі атанған. Төсек тартып, қимылсыз жатқанына биыл екінші жылға кетіп барады.

Разия «Балаларымның үлкені 17-де, кішісі 1 жастан асты. Ортанғы балаларым мектеп жасында. Басымыздағы баспана апатты жағдайда тұр. Саманнан салынған үйіміз енді қатты жауын жауса, опырылып түсері анық. Бес баламен отырмын. Әрі науқас жолдасыма

оймен халыққа үндеу жасап, арнайы видео түсірдік. Басында бізді түсінбей қаралағандар болды. Бірақ мақсатымыз, түпкі ниетіміз — киын жағдайда қалған көпбалалы отбасыға баспана алып беру. Біз видеоны мүмкін болған барлық интернет — пабликтерге

акшасы осындай ірі сомаға жетті. Жинақталған ақшаға ескілеу бір үй алып берсек те болады. Бірақ көпбалалы отбасыға лайықты жаңалау баспана алсақ дейміз.

ЕРЛІКТІ ЕРІКТІЛЕР ЖАСАДЫ

да күтім керек. Қиналып кеттім. Жергілікті әкімдікте үй кезегінде тұрмыз. Бірақ ол кезектің қашан келетіні де белгісіз. Қазіргі кезде тек жәрдемақымен күн көріп отырмыз. Пәтер жалдау үшін де қомақты қаражат қажет. Бірақ біздің кірісіміз күнделікті ас-ауқаттан, дәрі-дәрмектен артылмайды», — дейді.

Біз Разия туралы инстаграм желісінде тараған видеодан көріп білдік. Видеоға түсірілген үйдің сыртқы көрінісі жағдайдың киын екенін айтқызбай байқатып тұр.

Қазақтың ежелгі дәстүрі — асарды қайта жаңғыртып жүрген сол ауылдың тұрғыны Талғат Оразалиевке хабарластық. Ол қазіргі уақытта Разияның отбасына жиналған қаражаттың 3 миллион теңгеге жуықтап қалғанын айтты.

Т.Оразалиев «Бірде уатсап желісіне ортақ чаттардың бірінен видео келді. Онда осы отбасының тұрып жатқан үйі түсірілген екен. Достарыма хабарласып, үйді барып көрдік. Отбасымен таныстық. Үйдің отағасы Алдабергеннің жағдайы расымен ауыр екен. Денесінің бір бөлігі қозғалыстан қалған. Әрі шиеттей балаларымен отырған бұл үй кез келген уақытта құлап қалуы мүмкін. Осындай



салып жатырмыз. Әлі де тарату үстіндеміз. Осындай күні-түні жүріп жатқан жұмыстың нәтижесінде он шақты күнде жиналған қаражат көлемі 3 миллион теңгеге жуықтап қалды. Бұл жаман көрсеткіш емес» — деп басталы әнгімесін. Сөзін жалғаған ол «Бір ерекшелігі — бұл отбасыға қарапайым халық тілеулес болып отыр. Халықтың 500 теңге, 1000 теңге, 2000 теңге көлемінде салған

Зауал да, қасірет те, тіпті байлық та өткінші. Осындай тасқында адамды адам етіп тұратын бір ғана ерекшелік бар. Ол — адамгершілік. Ендеше, жақсылық жолында жарысайық. Себебі игі іс тек игіліктерді алып келеді.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Табиғатты қорғайық!

Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар әлемі аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары Нығмет Кеуашовтың айтуына қарағанда, өңірдің 384,2 мың гектарын орман алқабы алып жатыр. Оның 136 гектары жекеменшікке берілген.

Ақмола өңірінде 22 мемлекеттік орман шаруашылығы, оның ішінде облыстық табиғи ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының 13, мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 3 орман шаруашылығы, сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы, «Жасыл аймақ» кәсіпорны, «Республикалық орманның

Одан бөлек, «Бұқпа» орман шаруашылығы мен «Жасыл аймақ» мемлекеттік кәсіпорнының басшылары мен мамандары өртке оранған орман алқабының көрсеткішін бұрмалаған. Бұған кінәлі адамдар жауапқа тартылды. Облыстағы орман қоры жерінің көп бөлігі «Казавилесоохрана» республикалық коммуналдық кәсіпорнының үш тік ұшағымен қадағаланады. Инспекция қызметкерлері заңсыз ағаш кесу және өзге де орман заңнамасын бұзу, орман өртің сөндіру бойынша авиация мүмкіндігін жиі пайдалануда.

Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығының орман қоры және «Ақкөл», «Бұқпа», «Кенес», «Куйбышев» орман шаруашылықтары аумағындағы заңсыз ағаш кесу космостан бақыланды. Ақмола облысында 9 тұрақты және 9 уақытша орман қорығы жұмыс істейді. Ақкөл, Маралды, Кішітүкті орман

12 282 942 гектар аңшылық аумағында өртүрлі меншіктегі 161 аңшылық шаруашылығы жұмыс істейді. 2019 жылғы аңшылық маусымы кезінде аң аулауға 10677 жолдама берілді. Жергілікті атқарушы органның рұқсатымен 2165 адам жануарлар әлемін пайдаланды. Шетел азаматтары да аң аулау мақсатында жыл сайын Ақмола облысына келеді. «Rive LTD-Sandyktau» серіктестігінің аңшылық аумағына Австрия, Германия мен Францияның, «Мерген-2030» аңшылық шаруашылығына Ресейдің азаматтары келіп, бюджетке қомақты қаржы түсті.

Осы мақсатта бақылау және қадағалау жүргізу барысында инспекция мамандары аңшылық ережесінің 149 мәрте бұзылғанын анықтап, хаттама толтырды. Мәселен, заңсыз ауланған 30 қаздың 23-інің шығыны төленді. Шортанды мен Егіндікөл аудандарында екі аңшы мылтығы, тұзақ пен қақпан тәркіленді. Жануарлар әлемі саласында заңнаманы өрескел бұзудың 30 дерегі, заңсыз киік аулаудың 4 дерегі тіркелді. 15 қылмыстық іс қозғалып, 10-ы тоқтатылды. Ақмола облыстық табиғи ресурстар

ОРМАННЫҢ ИЕСІ, АҢНЫҢ КИЕСІ...

селекциялық орталығының» солтүстік өңірдегі филиалы, «КазНИИЛХ» серіктестігі, «ҚазАгроИнновация», «ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамы, «КТЖ» ҰК» акционерлік қоғамының ағаш көшеттерінің астаналық дистанциясы жұмыс істейді.

2019 жылы орман заңнамасын бұзуға тосқауыл қою мақсатында 260 тексеріс жүргізіліп, анықталған кемшілікті қалпына келтіру үшін 63 ескерту жасалды. Тексерудің материалдары сотта қаралды. Орман заңнамасын бұзған 216 дерек анықталып, әкімшілік айыппұл салынды. Бір әкімшілік материал сот орындаушысына берілді. Орман қорының шығыны 1260,2 мың теңгені құрап, оның 1203,4 мың теңгесі кері қайтарылды. Облыс бойынша 2019 жылы ағашты заңсыз кескен 51 дерек анықталды. Алайда 4195,9 мың теңге шығынның тек 1795,8 мың теңгесі кері қайтарылды. 12 істің материалдары құқық қорғау органдарына берілді. Ағаш кесудің 65 пайызын инспекция қызметкерлерінің өздері анықтады.

2019 жылдың наурыз-сәуір айларында инспекция барлық орман иелерінің өрт қаупі бар маусымға дайындығын тексерді. Бүгінгі күні орман шаруашылықтарында жыл бойы жұмыс істейтін орман өрті стансасы жоқ. Оның орнына шаруашылықтарда орман өрті стансасы жөніндегі жағдайдың талаптарына сәйкес келмейтін өрт шаруашылығы стансасы жұмыс істейді. Мәселен, «Бұқпа» мен «Барап» орман шаруашылықтары құрылғаннан бері бұларда өрт-химиялық стансасы жоқ. Өткен жылы облыста 56 өрт оқиғасы тіркелді. Алдыңғы жылмен салыстырғанда, орман өртінің алқабы 3,1 есе көп. «Бұйратау» ұлттық табиғи паркінің Ерейментау филиалында ірі орман өрті болды. Өрт қауіпсіздігі ережесін бұзған 23 адам жауапқа тартылды.



қорықтары облысты ағаш көшеттерімен қамтамасыз етеді. Ағаш кесу ережесін бұзған 22 адам жауапкершілікке тартылып, айыппұл төледі. 18 орман шаруашылығындағы 197,6 мың гектар орман алқабы 10-49 жылға жалға берілген. Олардың жұмысын инспекция тұрақты түрде бақылап отырады. Өткен жылы орман заңнамасын бұзған екі жалға алушы жауапкершілікке тартылды. Соттың шешімімен «РусРайТи» серіктестігінің және «Бексұлтан», «МММ» шаруа қожалығының орманды ұзақ мерзімге пайдалануының келісімшарты бұзылды. Бүгінгі күні «Ақбиік» серіктестігі мен Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы арасындағы келісімшартты бұзу жөнінде сот үрдісі жүргізілуде. Орман заңнамасын бұзғаны үшін 4 орманды пайдаланушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл салынды.

және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына жоспардан тыс екі тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижесі бойынша ескерту жасалды. Инспекция балықты қорғайтын нысан салуға келісім беру, ауланған балыққа анықтама беру, өсімдіктер мен аңдарды шетелге шығаруға рұқсат беру тәрізді өзге де мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Өткен жылы инспекцияға мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 79 өтініш түсті. 2020 жылы инспекция мамандары жануарлар әлемі саласында аң аулау ережесінің 10 мәрте бұзылғанын анықтап, кінәлілерге 6627,5 теңге айыппұл салды. Бұл салада заңнаманың 8 мәрте бұзылғаны анықталып, 6 қылмыстық іс қозғалды. 7 іс бойынша іздестіру жұмысы жүргізілуде.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

TIRSHILIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Аймақ тынысы

Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау ел саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақмола облысында 2019 жылы 2,1 миллиард теңге бөлінді. 250 жобаға қолдау көрсетілді. 13,5 миллиард теңге сомасына 131 жаңа жобаны субсидиялау басталды. Ол бойынша 1,8 миллиард теңге мөлшерінде субсидия төленді. 4 миллиард теңге сомасына несиелер бойынша 170 миллион теңгеге 82 кепілдік берілді. 79 миллион теңгеге 34 грант берілді. 862,7 миллион теңгеге инфрақұрылым жүргізілді және 376,9 миллион теңгеге 3 жоба мақұлданды.

2019 жылдың 24 желтоқсанында «Бизнестің жол картасы-2025» жаңа бағдарламасы бекітілді. Оған шағын және орта бизнесті қолдау тиімділігін арттыру үшін тұжырымдамалық өзгеріс енгізілді. Бағдарламаны іске асыруға 2020 жылы 3,1 миллиард теңге бөлінді. Өткен жылы «қарапайым заттар экономикасы» басым жобасын несиелеу

ӨҢІРДІҢ ӨРКЕНДЕУІ



тетігі жұмыс істей бастады. «Қарапайым заттар экономикасының» портфелі бүгінгі таңда өңдеуші өнеркәсіптің, агроөнеркәсіп өндірістік кешені саласының және 32,9 миллиард теңгеге қызмет көрсетудің 59 жобасынан тұрады. Оның ішінде 7,8 миллиард теңгеге 44 жоба қаржыландырылды және мақұлданды. Оның ішінде 4,4 миллиард теңге сомасына 17 жоба бойынша субсидиялау шартына қол қойылды. «Аграрлық несие корпорациясы» және екінші деңгейдегі банктер 3,5 миллиард теңгеге 27 жобаны мақұлдады. 5 жоба бойынша кепілдік шартқа қол қойылды.

Атбасар ауданында несиеінің жалпы сомасы 894 миллион теңгеге «Баха Sohne» ЖШС сұлы үлпегін өндіретін зауыты, Бурабай кентінде 1938 миллион теңге несие сомасына «Астана» астық индустриясы» қонақүйінің құрылысы, Степногорск қаласында «Лимфа СИ»-нің МРТ аппараты мен медициналық жабдықтарын 180 миллион теңгеге сатып алу сияқты маңызды жобаларға қолдау көрсетілді.

Банктер мен «Аграрлық несие корпорациясының» қарауында 17,5 миллиард теңге сомасына 6 жоба, жобалық кеңсенің жұмысында 7,6 миллиард теңгеге 9 жоба бар.

Аталған бағдарлама мен мемлекеттік қолдаудың өзге де түрін іске асыру он нәтиже береді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша, жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3,1 пайызға өсіп, 45,5 мыңды құрады. Оларда жұмыспен қамтылғандар саны — 131 мыңнан астам адам, 7584 жаңа жұмыс орны құрылды.

2019 жылғы қаңтар-қыркүйекте шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы 2018 жылғы деңгейге 3,1 пайыз өсіммен 556,3 миллиард теңгені құрады.

2019 жылдың 9 айында шағын және орта кәсіпкерлік жалпы қосылған құны 337 миллиард теңгені немесе жалпы өңірлік өнімде 27,5 пайызды құрады.

2019 жылғы қаңтар-желтоқсанда шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілерінен салық пен төлем 43,6 миллиард теңгеге түсті. Бұл өткен жылдың деңгейінен 17,4 пайызға артық.

Жақын болашақта экономиканың негізі ретінде жеке кәсіпкерлікті дамыту бойынша ауқымды жұмыс мемлекеттік органдардың, қаржы даму институттарының және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жалғасатын болады.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

BIRLIK

Ынтымақ

Жер жәннаты Жетісуда 105 ұлт пен ұлыс өкілі тұрады. Олардың берекесі мен ынтымағының жарасқаны туралы осыған дейін де көп жаздық. Әрине, осы аймақтағы экономиканың өрлеуі, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, рухани татулықтың нығаюына осы береке-бірліктің көп септігі тиіп жатыр. Бүгінде облыстағы әр салада этнос өкілдері білек сыбана еңбек етіп, өлкенің өскелең келешегін қалыптастыруға бір кісідей үлес қосуда. Әсіресе, кәсіпкерлік, техникалық, құрылыс саласындағы үлесі мол. Олар өздерінің жаңа бастамасы, күш-қайраты, ерік-жігері арқылы қолынан келетін барлық жасампаздығын жария етуде. Бұл игілікке Қазақстан Халқы ассамблеясының ұйымдастырушылық, жетекшілік қызметінің көп жақтан серпін беріп, ықпал еткенін де жасыра алмаймыз. Өйткені, біз кездескен, сұхбаттасқан этнос өкілдері әлемде баламасы жоқ, елімізде ғана бар Қазақстан Халқы ассамблеясының өздерінің ізденісі мен ізгілігіне қозғау салатынын айтады. Осы ретте, міне, осындай бірқатар қарапайым еңбек адамдарының игілікті үлесі жайлы баяндамақпыз.

Жанна, Мерей, Юлия, Анастасия, Виктория, Салтанат және Айжан сияқты қыз-келіншектердің қолынан шыққан сәбиге арналып тоқылған аяқ киім, шалбар, кеудеше және шала туған балаларға арналған ойыншық кешіде сұранысқа ие. Олар әр салада жұмыс істесе де, осы заттарды дайындауға қашанда уақыт табады. Бұлар керемет лауазымды тұлға немесе есімі ел аузынан түспейтін адамдар емес. Олар жүрегі нәзік, қашанда айналасына жылылық сыйлауды ғана армандайтын нәзік жандар. Олар Талдықорған қаласындағы «28 петель» клубының қатысушылары. Олардың қолынан шыққан бұйым балаларға қызық, балғындар сол тұтыну бұйымдарын бейне өз аналарының сыйлығы сияқты жылы қабылдайтынын көріп, қуанып қаласын.

Аталған клуб құрылғалы 3 жыл өте шығыпты. Осы жылдар аралығында олар шала туған балаларға арналған жүздеген киім өз иесін тауып қалмастан, тұтынушылардың ыстық ықыласына бөленіп келеді. Мұның себебін «28 петель» клубының үйлестірушісі Жанна Саккызы айтып берді. Ол «Бір күні әлеуметтік желіден шала туған балаларға арнап киім тігетін топқа қатысу үшін ерікті керектігі туралы оқып қалдым. Осыдан бастап осы бір игілікті іске өз үлесімді қосуым керек деп ойладым. Әрине, көп нәрсенің басталуы қиын болатыны анық. Бастапқыда қиын болды, көп нәрсені білмедім, бірақ уақыт өте келе соның бәрін үйренуге тура келді. Клубтағы еріктілерден жан-жақтан жиналғандықтан, бастапқыда толық түсінісе алмай жүрдік. Бір жылдан кейін жұмысымыз бір жүйеге

Жұмысымыз да жүре бастады», — деді.

Клуб мүшелері айтқандай, киім тек қана таза жүннен иірілген жіппен тоқылады. Бұл шала туылған балаларға арналғандықтан, жұмсақ, ауа алмастырып тұратын, теріні тітіркендірмейтін болуы керек. Ал оларға арнап жасалатын ойыншық та балаларға үйлесімді, ойын бөліп, сезімін тыныштандыра алатын болу керек. Әрине, балалардың қауіпсіздігіне де көп көңіл бөлінеді. Сондықтан киім мен ойыншықты жасау кезінде талапты ескеру керек. Киімде ешқандай дөрекі тігіс, өрнек, түйме болмауы керек. Тіпті олардың түсіне де ерекше мән беріледі. Негізінен, ашық түсті, көк, қызғылт, қызғыл, күлгін түс көп қолданылады. Әдетте, бір бұйымды жасау үшін шебер оған екі-үш күн, кейде одан да көп уақытын жұмсайды. Мұндағы еріктілердің бәрінің өз жұмысы болғандықтан, көбінесе жұмысты түнгі уақытта жасауға тура келеді. Алайда бұл оларға келенсіздік әкелмейді. Қайта уақытты ұқыпты пайдаланып, көпшілікке бақыт сыйлағанды жандары қалайды.

ОН САУСАҒЫНАН ӨНЕР ТАМҒАН

Жоғарыда айтқандай, клубқа әр түрлі мамандық иелері жиналған. Айталық, Мерей Токтағұлова Алматы облыстық №1 көмелетке толмағандардың ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы, Юлия Хван, «Мастерица» колөнер дүкенінің иесі. Анастасия Верещагина суретші және шығармашылық тұлға, Виктория Десятова үй шаруасындағы әйел, Салтанат Серікбаева қаржыгер-банкир, Айжан Дөрбітхан тігінші. Олардың барлығын көпшілікке жылылық сыйлау деген ортақ арман біріктірген.

Жанна Саккызы бұл шаруаны бірінші рет қолға алғанда, қиындау болғанын жасырмады. Ол «Шала туған баланың аяғының өзі ересек адамның саусағындай ғана. Бірақ оларға осы бұйымдар арқылы жайлылық, сүйспеншілік, қамқорлық сыйлайтынымызды ойлағанда, іштей риза болатыны анық. Осы арқылы шала туған балаларды күтуге өз үлесімізді қосамыз. Ең бастысы, біздің клуб перзентханамен белсенді жұмыс істейді. Тоқылған затты оларға тұрақты түрде ұсынамыз. Аналардың қуанып қалғанын көріп, көңіліміз көтеріледі. Біз оларды тек заттармен ғана емес, сондай-ақ мейірімді сөзбен де барынша қолдаймыз. Өйткені, мұндай сәттерде адам көмекке мұқтаж», — дейді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының ақпаратынша, Талдықорған қаласында бір айда мерзімінен бұрын 40 бала дүниеге келеді екен. Оларға керекті тұрмыстық бұйым жетіспей қалатыны да жасырын

хабарсыз болсаңыз, клуб сізге тегін киім тоқуды үйретіп, сосын өзінің қатарына қосуға дайын.

Бүгінде бұл клуб мүшелеріне ата-аналардан, басқа да тұлғалардан алғыс айтатындар көп. Бұл жайлы клубтың әлеуметтік желідегі парақшасында алғысқа толы жазба жетерлік. Соның бірінде «Менің қызым 1700 грамм салмақпен дүниеге келді. «28 петель» клубының



колдауының арқасында және біз үшін дайындалған затың арқасында сынаққа төтеп бердік. Олардың ізгі ісін ешқашан ұмытпаймын. Тағы да рахмет!», — деп жазба қалдырыпты бір ата-ана.

Бір ақылман «Дүниедегі ең ұлы іс — өзгеге қуаныш сыйлау», — деп жазыпты. Осы тұрғыдан келгенде, аталмыш клубтағы қыздардың еңбегі мақтауға тұрарлық. Бүгінде бұл қыздар облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының өңірде өтетін іс-шарасына жиі қатысып тұрады. Кейде осы ұйымның белсенділігін арттыру үшін де көмектеседі. Демек, бір жағынан, адамдарға көмегі тисе, тағы бір жағынан, қоғамға да үлес қосып жүр.

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

Текелі тау-кен комбинаты іске қосылғалы өздері жоспарлаған міндетін толық өтеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, зауыт бәсекеге қабілетті отандық өнім шығарумен қатар, монокала тұрғындарының әл-ауқатын арттыруда. Жұмыссыз жүрген көптеген адамның тұрақты жұмысқа тұрып, тұрмысын түзеуге көмектесуде. Комбинатта жұмысқа тұрғандардың қатарында этнос өкілдерінің де қатары көп. Антонина Бридихина: «Бұл этнос өкілдеріне деген дұрыс көзқарастың жемісі», — дейді.

Антонина Бридихина металлург мамандығын тандады. Нәзік әйел заты болса да, Текелі тау-кен өңдеу кешені басшылығының айтуынша, кәсіпорынның адал және жауапты қызметкерінің бірі. Антонина осы жұмысқа келгенше бірнеше мамандықты менгерді. Басында кәсіби колледжде тігінші мамандығын бітірді. Кейін оқу орнында тәрбиешінің көмекшісі болып жұмыс істеді. Бір мезгіл күйеуімен бірге жеке кәсіпкерлікпен де айналысты. Ал Текелі қаласынан тау-кен комбинатын қайта салу жұмысы басталғанда металлург болуды шешті. Оның міндетіне домна пештеріне кокс тасымалдағышты іске қосу

мен тоқтату, сондай-ақ қабылдау бункерін босату және тазалау міндетін де атқарады. Сонымен қатар қызмет көрсетілетін транспортердің жарамды күйін тексеру және қамтамасыз етумен де айналысады. Бұл өте жауапты міндет саналады. Себебі комбинаттың шойын шығарудағы барлық өндірістік жұмысы соған байланысты. Десе де, Антонина Михайловна және

басып өткендігі бәсенеден белгілі. Валентина білім беру саласында 44 жыл еңбек етті. Ал 1995 жылдан 2010 жылға дейін Кемел Токаев атындағы мектеп директоры болып жұмыс істеді.

Бүгінде еңбек демалысында болғанымен, сүйікті мектебінде жұмыс істеуді жалғастыруда. Кемел Токаев атындағы қайырымдылық қорының басшылық құрамына

өзінің тату ұжымы, әріптестері Светлана Тишкова және өндіріс шебері Сергей Шербиннің басшылығымен жұмыс істейтін барлық бригада осы уақытқа дейін өз міндетін жауапкершілікпен атқарып келеді.

Антонина Бридихина екі баланың анасы. Үлкен қызы Инна комбинатта қоймашы, кішісі Зарина оқушы. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, қыздары да аналарының қай салада болсын, нәтижеге жаратуға ұмтылатын жақсы қасиетін үлгі етеді.

ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН АНА

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», — деп хәкім Абай айтқандай, өмір бойы осындай кастерлі мамандықта тандап, өскелең ұрпаққа өнегелі ісімен үлгі көрсетіп жүрген аналарымыз аз емес. Солардың қатарында Қаратал ауданы Үштөбе қаласында тұратын білім беру саласының ардагері Валентина Спиридонованың есімі жиі аталады.



ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН:

Ел мен жердің тыныштығы, халық ал-ауқатының артуы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық келісім мен бейбітшілікке, ұтаралық татулық пен дінаралық сыйласымға тікелей тәуелді. Келісім, бейбітшілік, татулық, сыйластық орныққан жерде даму да, алға жылжу да, халық санының өсуі де орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің өркендеп, ел мен жердің жақсылыққа кенелуіне ынтымақ пен тұрақтылық тікелей әсер етеді. Бұл жағынан алғанда, мемлекетіміздің өзге елдерге үлгі болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені, талай ұлттың баласына қара шаңырақ болып, жер аударылғандарды туған-туысындай күтіп алған қазақтың жақсы қасиеті бүгінгі Қазақстандағы әр ұлт халқының бойына сіңгені анық. Сондықтан да олар осы елде қам-қайғысыз өмір сүріп, өздері қалаған мамандығы бойынша жақсы жетістікке жетіп жүр.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша
меншікті тілші

түсіп, тұтынушыларымызда арта түсті. Осыдан кейін еріктілер мені клуб жетекшісі етіп тағайындады.

емес. Сондықтан клуб әрқашан жаңа қатысушыларды қабылдап отырады. Егер сіз тоқымадан

Ер есімі – ел есінде

Тарихты кейде тұтас бір дәуір немесе бір қауым жасай алмайды. Тарихты жалғыз адам да жасайды. Мәселен, қзазақ тарихы дегенде, арысы Керей мен Жөнібек құрған қазақ хандығы, берісі кешегі Кенесарыға дейінгі бірнеше ғасырлық кезеңді, яғни сол дәуірдің тарихын жекелеген хандар мен батырлар жасады. Халық жүрегінде сол ұлы есімдермен, ұлы оқиғалармен қалды. Бодандық қамытты киюден бас тартып, сол жолда шөйіт болған жүздеген батырларымыздың жан алысып жан беріскен ұшы қиыры жоқ ұлы даланың бәрін айтпағанда, бір ғана Жетісу жеріндегі шайқастардың саны қаншама? Сол шайқаста асқан ерлік көрсетіп, соңғы демі қалғанша ел азаттығы үшін күрескен батырлардың арғы атасы, Қазақ хандығының іргесінің бөкуіне күш салған батырлардың бірі – біздің мақаламыздың арқауы болатын Ер Әжібай Найманбайұлы.

Қазақ жерінің түгін тартсаң майы шығар, шыбық қадасаң, аз жылда зәулім бәйтерекке айналар құнарлы кара топырақты Жетісу өңірі өте ерте кезден-ақ адам баласының құтты қонысына айналған. Ер Әжібай қазақ халқының негізін құрауда өзіндік елеулі орындары бар ірі үйсін, дулат, сак, т.б. тайпалардың ұрпағы. Ол туылғанда азан шақырылып қойылған аты Әжібай болғанымен, өзінің ел-жұртына сіңірген батырлық, ерлік істерінің нәтижесінде бұқара оны Ер Әжібай — деп атаған. Әрине, ол туралы халық жадында сақталған сананы жаңғыртатын тарихи деректерге сүйене отырып, көп дүние айтуға болады. Әжібайдың ел арасында «Алатау батыр» деген ерлігіне байланысты берілген батырлық аты бар.

Алғашқы ресми дерек ретінде Шокан Уәлиханов Ұлы жүз туралы мақаласында: «Бұл жерді мекендеген Ұлы жүздің тұқым-түкияны Шыңғыс ханның заманында да, қалмақ шапқыншылығында да туған жерінен ешқайда кетпегендіктен, жылжымағандықтан, қазақ халқының қалыптасуының негізі болды»,— дей келе, Әжібай батырдың баласы Бердіқожаның, немересі Қожамқұлдың, шөбересі Атамқұлдың би болғаны туралы жазбаны айтуға болады.

Шындығында, тарихи фактілер тек мұрағаттарда сақталады деген жаңсақ түсінік. Тарихи фактілер ел арасында, халық санасында тарыдай шашылып жүр. Тарихшының міндеті — елдің жалындағы фактілерді де ғылыми айналымға қосу. Осы тұрғыдан алғанда, кейінгі кездері белгілі тарихшы академик Мәмбет Қойгелдінің бастауымен құрылған «Айтылған тарих» орталығы еліміздегі тарихтың объективті жазылуына өз үлесін қосары сөзсіз. Өткен ғасырдың 60 жылдарынан бастап Еуропа, Америка, Азияның тарихнамасында «Айтылған тарих» деген үлкен бір арна бастау алды. Осы елдердің барлық мұрағатында «Айтылған тарих» қоры бар. Сонымен қатар қазақ болмысының келесі бір басты ерекшелігі — оның жаппай тарихшылдығын ескеруіміз керек.

Тарихтын ақтаңдақ беттерін азайту үшін, жалпы, қазақ тарихының негізінен алғанда, ру-тайпалар тарихы, яғни шежіре екенін дәлелдеуді қажет етпейтін «аксиома» деп қарау керек. Шежіренің негізгі мақсаты — тарихи білім жүйесінде сақталатын дәстүрлі мәдени құндылықтар мен дәстүрлі қоғамның рухани-әлеуметтік, идеологиялық-саяси сабақтастығын қамтамасыз ету. Оны белгілі тарихшы Талас Омарбековтың сөзімен айтқанда «Қазақ халқы 45 ру-тайпадан құралады. Қазіргі Қазақстан аумағы да осы ру-тайпалардың жайлаған жері. Сондықтан ру-тайпалардың шығу тарихы зерттелсе, казактың тарихы да зерттелген болады». Ендеше, осы мәселеге нақтырақ тоқталайық.

Әбзейіт Мәлікәұлының «Ер Әжібай» деп аталатын жыры «Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорынан» алынған тарихи құжат. Қазақ тарихында Өтеген батыр өмірі ертеректе кеңес кезеңіндегі ғалымдар Әбілқасым Ділебаев пен Е.Ысмайловтардың назарына ілігіп, 1946 жылғы Алматыда жарық көрген «Ақындар» атты еңбекте айтылады. Алғашқылардың бірі болып тарихшы Ә.Ділебаев Өтеген батыр туралы тарихи деректер жинағанда «Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорынын» 833-бумасынан «Өтегеннің қалыңсыз қыз беруі» туралы аңызды жариялағанда, осы Әжібай батыр туралы, осы жырдағы жайттарға тоқталады. Кейінірек, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл жыр дастанды 1994 жылы Айзада Сейітқызы «Өтеген батыр» атты жинаққа енгізген.

Әбзейіт Мәлікәұлы тікелей Өтеген батырдың ұрпағы бола отырып, «Ер Әжібайдың» тұлғалық портретін жасауда шынайы объективтілік танытып, Әжібай батырдың кадр-қасиеттеріне ерекше көңіл бөледі және оқиғаны ерекше қызықты етіп баяндайды. Бұл жыр салт-дәстүрге орай, ел аузынан жиналған аңыз, әңгімелердің негізінде тарихи шындық тұрғысынан жазылған. Кейіпкерлер мен оқиғалар, жер-су аттары нақты көрсетілген. Бұл жыр тарихи дерек пен шежірелік мәнге ие, көптеген тарихи жылрлардан шынайылығымен ерекшеленген ғылыми-танымдық шығарма.

Жырдың авторы Әбзейіт Мәлікәұлы (*Абдолзейіт*) 1898 жылы дүниеге келген. Туған жері Алматы облысы Іле ауданы Фрунзе ауылы. Ауыл молдасынан хат танып, Бұхара, Уфа, Қазан калаларында діни оқуларда оқыған. Шығыс классиктерінің еңбектерімен сусындап, араб, парсы, шағатай тілдерін меңгерген. Діни білім беріп, ұстаздықпен айналысқан. Кеңес үкіметі тұсында Екінші дүниежүзілік соғысқа соғысқа қатысып, Вязьма түбінде ауыр жаракаттанып, ауылына келіп, өмірінің

соңына шейін агроном, бригадир, пошта тасушы сияқты қызметтермен айналысқан. 1971 жылы өмірден өтті.

1997 жылы «Журналист» баспасынан белгілі меценат, медицина ғылымдарының докторы, профессор Кенесбай Үшбаевтың қолдауымен, Қазақстан Республикасы ғылым министрлігі Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих Ғылымдарының докторы, профессор Кенес Нұрпейісұлының алғы сөзімен, зерттеуші ғалым-филолог, филология ғылымдарының кандидаты Токтар Әлібек құрастырған «Ер Әжібай» атты жеке кітап жарық көруімен батырдың тұлғасын зерттеуге деген қызығушылықты қалың жұрт пен бірге қазақ тарихшы ғалымдарының назарын аудартып, күн тәртібіне шығара алды.

Токтар Әлібек қазақ тарихындағы жекелеген тұлғалар шығармашылығы мен оларға қатысты қолжазба мұраларының ғылыми басылымын дайындап, ел игілігіне жаратуға мол еңбек сіңіріп келеді. Оның ішінде ерекше айтып кетуге лайық «Ер Әжібай» жыр-дастаны. Ғалым жинақтардың ғылыми басылымын дайындауда мұрағаттарда сақталған түпнұсқаларды негіз етіп, өзге нұсқаларымен салыстырып, текстологиялық сараптаулардан өткізіп, ғылыми түсінік жазып, жинақтың толыққанды шығуына баса мән бергендігі ғылымға деген адалдық болса керек.

ЕЛІНЕ ҰРАН БОЛҒАН

Ал, ендеше, Әжібай кім, қандай тұлға еді енді соған нақтырақ тоқталайық. Әжібай Найманбайұлы шамамен 1699-1778 жылдар аралығында өмір сүрген батыр. Албан тайпасының қызылбөрік руынан шыққан (*қызылбөрік — Есен — Еламан —*



Найманбай — Әжібай). Жетісудың Таутүрген мен Таушелек өңірлерінде (*қазіргі Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы*) өмір сүрді. Әжібай Өтеген, Хангелді, Райымбек, Тауасар, Есбол батырлармен тізе қосып, Жетісуды жаудан газарту жолындағы шайқастарда ерлік көрсетті. Есімі қызылбөрік руының ұранына айналды. Ол туралы Әбзейіт Мәлікәұлының «Ер Әжібай» деп аталатын жыр-дастанда төмендегідей суреттеледі:

*Бір ата Ұлы жүзден Албан елі,
Шығыпты бұл Албаннан талай сері,
Қалмақтың жау кезінде көп алысқан,
Өтіпті Әжібай деген ердің бірі.
Албаннан бұл Әжібай батыр шыққан,
Өзімен алысқанның бәрін жыққан.
Шабысып қалмақпенен өмір бойы,
Ақыры Алатаудан айдап шыққан.
Әжібай Найманбайдың баласы екен,
Көзінің ағы менен қарасы екен.
Ішінде төрт баланың түрі бөлек,
.....*



*Тастемір, Қаңлыбай мен Әжібай, Алтай,
Төрт бала туғызыпты бұл Найманбай.
Ішінде төртеуінің өзгеше боп,
Туыпты жүректі боп бұл Әжібай.*



Ел арасында бүгінгі таңда ол туралы осы мәселені нақтылай түсетін шежірелік деректер көптеп кездеседі. Сонымен қатар шындықты дәлелдей түсетін түр келбетін суреттейтін тұстарыда бар. Атап айтар болсақ,

*Сөздері Әжібайдың еді кесек.
Құлағы жырым-жырым, түсі қара,
Денесі жаратылған өте кесек.
Бетінің тыртығы бар, найза сойған,
Маңдайын қылыш кесіп, шодырайған.*

Әрине, жаугершілік замандағы нағыз ердің, батырдың өзіне тән түр келбет пен мінезі оны айқындап, айшықтай түседі.

тоқалдықка баруы, ондағы түрлі оқиғалар да өте қызықты және салт-дәстүрдегі, мәдени көріністер мен адамзат ақыл-парасаттылығын көрсететін тұстары жақсы берілген.

*«Ауылына Найманбайдың келін келді,
Той қылып шақырыпты талай елді.
Алдынан Тұмаршаның Дина шығып,
Ізетпен іліп кеп, сәлем берді»* — деуі қазақ қоғамындағы бәйбіше мен тоқал арасындағы үлкен парасаттылықтың ертеден қалыптасуының кепілі ретінде қарастыруға болады.

Сонымен қатар оқиғаның бүгінгі таңдағы Кетпен тауының манайын мекендегенімен сәкес келетінін дәлелдейді.

Жалпы, тарихтан белгілі 1643 жылы жоңғарлар 100 мың колмен Іле өзенін жағалаған күйі Балқашты кешіп өтіп, Көкшеге дейін басып алды. Ташкент, Түркістан жау қолында қалды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» басталды. Есін жиған ел әр жерде қарсылық көрсете бастады. Алайда бәрі бірдей сәтті аяқталған жоқ. Жаратқан тәңіріне сиынған қазақ тұяқ серпіп өлудің қамын жасап, қайта көтерілді. Женістің рухын шақырып, атойлап жауға шапты. Шағын ұрыс ірі жеңістерге ұласа бастады. Жыр-дастанда, ел аузындағы аңыз-әпсаналарды растап қуаттай түсетін жағдайлармен қатар, батырдың аңғалдығы сияқты мәселе де оқиғада көрініс беріп суреттелген:

*«Батыр — аңғал» деген сөз шынында рас,
Ұраны сонда Әжібай ұмыттыпты.
Зона да күшке сенген батыр екен,
Демалын Қорғас бойы жатыр екен.
Ұраны айтатұғын ұмытқан соң,
Ақырып «Әжібай» деп барған екен.
Бұны төмендегі тұжырым дәлелдей түседі.* «Қазақтар қалмақтарды Аяққалқанға түріп тастап, әскерін алып қайтып Шелекке келіп тоқтапты. Қол бастаған батырлардың қатарында Жалайыр Ескелді, Балпық, Дулат Шеруке, Өтеген, Сегізсарыдан Биеке батыр, Қаракерей Қабанбай батыр, Алжан Райымбек батырлар болады. Өткелдің аузында әскерін тоқтатып қойып, елдің алдын шегерелі.

Үлкендері Шеруке сол түні түс көреді. Таңда Шеруке: «Мен түнде түс көрдім, Райымбектің басында екі шамшырақ жанып тұр екен. Біздің болашағымызды сол болжасын», — дейді.

Райымбек: «Алланың көзіме көрсеткенін айтайын ба, әлде Алланың аузыма салғанын айтайын ба?» — депті. Шеруке: «Алланың аузына салғанын айт», — дейді. Райымбек: «Ата, бізге енді қалмақ шаппайды. Бірақ сіз дүниеден озғаннан кейін, тәніңіз көрден алынады»,— дейді. — Қабанбай аға, сіздің атыңызды «Қабан» қойды елін. Көрініз, үш күннен кейін шулайды, тәніңізді ұрпағыңыз таппайды. Өтеген, сіз Ұлы жүздің басы қосылған ұлы тойда менің есімімді ұранға айналдырасыз. Сол тойдағы бәйгеге алты ат қосасыз. Алтауына алты бала мінгізесіз. Мінгендерге: «Айт-Бозымның баласына «Әлмерек» деп, Алжан, Сегізсарының баласына «Райымбек» деп, Қызылбөрік, Қоңырбөрік баласына «Әжібай» деп ұрандап шап!» — дейсіз. Содан алтауы сіздің айтуыңыз бойынша ұрандап шабады. Алтауы да бәйгеден келеді. Сол қуаныштан сіздің жүрегіңіз жарылып, баки дүниеге аттанып кетесіз!» — депті.

Райымбек батырдың айтқаны келіп, осы дүбірлі тойда үш жүздің баласы жолды ұлы жүзге, ұлы жүз албанға, албан балалары алжанға берген екен. Сол күннен бастап Айт-Бозымның ұраны — «Әлмерек», Алжан, Сегізсарының ұраны — «Райымбек», қызылбөріктің ұраны «Әжібай» болыпты» — деп жазылған «Бабалар сөзі» атты 100 томдық ауыз әдебиетінің жыр-толғаулары, кисса-дастандарында.

Ал достық туралы жыр-дастанда тәлімдік мәселенің орны ерекше. Ер Әжібайдың Өтеген батырмен достығы қалыңсыз, «шідер беру» арқылы, яғни тарту-таралғысыз, мыңжылдық құдалыққа айналады. Өтеген батыр қызы Мақтаны алғашында Жайнакқа, ол суға кетіп өлген соң, Жалбыға бермек болады, бірақ қызы Құдагелдіні таңдап соған тұрмысқа шығып, балалы-шағалы болып ұрпақ өсіреді. Ол туралы Әбзейіт Мәлікәұлы:

*«Тұқымы осылардың Кегенде бар,
Барлығы қайтпайтуғын болды көкжсал.
Төбелессе, пышақ сап өлтіретін,
Ішінде шатақтары әлі де бар»* — деген өлең жолдары дастанның соңына қарай келтірілген.

Жомарт СІМТІКОВ,

тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдардың докторы

(Жалғасы бар)



Баталовтын қолдауымен оқыту орталығы жоқ Аксу, Балқаш, Ескелді, Жамбыл, Кеген, Көксу, Кербұлақ, Панфилов, Райымбек, Талғар аудандарында «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының 10 филиалы ашылды. Осыған дейін тіл оқыту орталықтарының филиалдары небәрі 9 ауданда ғана болған. Бүгінде барлық аудан, қалаларда аталмыш орталықтың бөлімшелері қызмет етуде. Оқыту кабинеттері заманауи үлгідегі техникалық, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген. Аталған орталықтарда қазақ, ағылшын және орыс тілдерін үйренемін деушілерге ақысыз оқыту курстары ұйымдастырылған. Қажет жағдайда әдістемелік көмек көрсетіліп, әрдайым

СҰХБАТ Еліміз Тәуелсіздік алған ширек ғасыр ішінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясы біршама кеңіді. Осы кезеңде мемлекет тарапынан жасалған қолдаулар тілдерді дамыту мен қолданыс аясын кеңейтуге бағытталды. Біз осы сынды жұмыстардың жер жәннаты Жетісуда қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Айдар Башбаевтан сұраған болатынбыз.

Жас qazaq: Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мемлекеттік тіл саясатын дамытуда қандай істер атқаруда?

Айдар БАШБАЕВ:

«Тіл - ұлттың жүрегі, халықтың тарихы»

А.Башбаев: Кай қоғамда болмасын тіл мәселесі басты назардан тыс қалған емес. Себебі қоғамның дамуы тілдің өміршеңдігімен тікелей байланысты. Осы орайда, Алматы облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бастамасымен өңірдегі тіл саясатын жүзеге асыру, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, іскағаздарының мемлекеттік тілде жүргізілу деңгейін арттыру, ономастика саласында, соның ішінде көрнекі акпараттар мен жарнамаларды сапалы орындау, әртүрлі әлеуметтік топтағы азаматтардың тілдерді ақысыз үйренуіне жағдай жасау және т.б. маңызды жұмыстар жүзеге асырылуда.

Жалпы жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде 2017-2019 жылдары аралығында Алматы облысында барлығы 1658 ономастикалық нысанның атауы өзгертілді (26 әкімшілік-аумақтық бірлік, 1614 құрамдас бөлік (көше, даңғыл, саябақ т.б.), 18 білім және мәдениет ұйымдары). Яғни идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды ұлттық санамызға сай атаулармен ауыстырдық. Бұл да елдің ертеңі үшін, мемлекеттік тілдің мәртебесі үшін жасалып жатқан дүниелер. Мәселен, Қаратал ауданындағы Фрунзе ауылы «Достық» ауылы, Сарқан ауданындағы Петропавловка, Садовое және Соколовка ауылдары «Ақтұма», «Теректі», «Ешкіөлмес» ауылы болып өзгертілді.

Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын таппак.

Деректемелер мен көрнекі акпараттардың зандылығын және сауаттылығын қадағалау мақсатында рейдтік тексеру жұмыстары жүргізіліп, орын алған олқылықтар уақытында реттеліп отырады. Мәселен, 2019 жылы облыс бойынша 1214 рейдтік тексеру жұмыстары жүргізіліп, 1290 кемшілік анықталып, қалпына келтірілді.

Сауатты жазу барысында құжаттардың дұрыс рәсімделуіне де мән берудеміз. Солардың біркатарын айтатын болсақ, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттау, талантты жастарға қолдау көрсету мақсатында «Абай атындағы көркемсөз оқу шебері», «Жастар жырлайды», «Текті сөздің төресі – терме», жастар арасындағы рухани-мәдени шараның бірі – «Тіл парасат»



байқауы, жас дарындар арасында өтетін «Тілдарын» олимпиадасы, жас мемлекеттік қызметшілер арасында өткен «Тіл шебері», «Мемлекеттік тіл және БАҚ» т.б. Бұл шаралар өз кезегінде мемлекеттік тілді әрбір азаматтың жүрегі мен жадында мықтап орнықтыруға ықпал етеді.

Жас qazaq: Қазақ тілін үйренуге өзге ұлт өкілдерінің қызығушылығы қандай? Оларға қандай мүмкіндіктер қарастырылған?

А.Башбаев: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін біріміз данғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізіміз керек» — деп үлкен сенім артты.

Осы бағытта жұмыстар біздің өңірде де жүйелі түрде жүргізілуде. Өзге этнос өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығы артып, соңғы жылдары мемлекеттік тілді оқып-үйренуге деген сұранысы жоғары деңгейді көрсетті. Мысалы, облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының мәліметі бойынша, 2017-2019 жылдар аралығында мемлекеттік тілді оқыту курсына 4713 (оның ішінде 1664 өзге этнос өкілдері), ағылшын тілін оқыту курсына 1431, орыс тілін оқыту курсына 115, жалпы



саны 6259 тыңдаушы дәріс алып, тілдік дағдыларын қалыптастырған.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында өзге ұлт өкілдеріне арналған әр түрлі шаралар ұйымдастырылып, ынталандыру шаралары қолға алынған.

Осы орайда, облысымызда тілді меңгеруге, оқуға барлық мүмкіндік жасалған. Бірінші кезекте қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту және дамыту, қазақ тілін латын негізді әліпбиге көшіру жөніндегі жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін өткен жылы облыс әкімі Амандық

онлайн сабақтар өткізілуде.
Жас qazaq: Мемлекеттік тілді тиісті деңгейге жеткізу үшін не істеуіміз керек, маман ретінде пікіріңізбен бөліссеніз?

А.Башбаев: Облыста тілдерді дамыту мен қолдану аясында атқарылған жұмыстар аз емес, алға қойылған міндеттер де орасан. Ағымдағы жылдан Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады.

Бағдарламада көзделген барлық іс-шаралар жалпұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген. Еліміздегі тіл саясатының басты міндеттерінің бірі — еліміздегі барлық этностардың тілдерін құрметтей отырып, қоғам бірлігін бұзбай, өзге тілдердің, соның ішінде мемлекеттік тілдің даму мәселесін өркениетті түрде жүргізуді көздейді.

Тәуелсіздігіміздің тірегі болған мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, қолданыс аясын кеңейтуде алдымен оқыту процесінде бір жүйелілік болуы шарт. Қазақ тілін меңгеруші мемлекеттік стандартына сәйкес (әр деңгей бойынша) сапалы оқу-әдістемелік құралдар шығару, қайта өңдеу жұмыстарын қолға алу қажет. Онда әр кәсіби сала мамандарына күнделікті қажетті сөздіктер, сөз тіркестері, мәтіндер, жағдаяттар, оқытудың онтайлы әдістері қамтылса.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметке орналасушылар үшін қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтайтын Казтест жүйесіне сәйкес тесттен өтуді міндеттеу енгізілуі тиіс.

Тағы бір мәселе. Деректемелер мен көрнекі акпараттардың зандылығы мен сауаттылығын қадағалау мақсатында аудан, қала әкімдіктеріне арнайы тексеру жүргізу қызыреттілігін беруді және жаңадан ашылатын кәсіпкерлік нысанның атауы мен ондағы қызмет көрсету түрлері көрсетілген жарнама мәтіндерінің үлгілерін алдын ала аталған мекеме қызметкерлерімен келісуді заңмен белгілеуді жөн деп есептеймін.

Тіл – ұлттың жүрегі, халықтың тарихы. Тіліміздің тазалығын сақтап, мәртебесін асқақтату — әр қазақстандықтың басты борышы. Осы жолда әр азамат аянбай еңбек етуі тиіс! Тіліміздің тұғыры биік болсын!

Бетті дайындаған
Макпал НОҒАЙБАЕВА

ЖӘДІГЕР Туризмнің алтын дiңгегі

Бұдан былай Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесін 3D-тур арқылы тамашалауға болады. Киелі өңірге саяхаттағысы келетіндер, ең алдымен, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін және тарихи тұлғалар жатқан орындарды бұрынғыдай емес, 3D-тур арқылы да тамашалайды. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі хабарлағандай, Android платформасына арналған мобильдік қосымша іске қосылды.



Қорық-музей өз жұмысын негізгі екі бағытта жүргізеді. Бірінші бағыты — Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді есепке алу, сақтау, қорғау жұмыстары. Халықаралық дәрежедегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортағасырлық теңдессіз сәулет туындысы ретінде 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынған. Әлемдік маңызға ие болған ескерткіштің ұлттық пантеон ретіндегі алар орны да айрықша. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне 300-ден аса тарихи тұлға жерленген болса, қорық-мұражай мамандарының зерттеулері нәтижесінде сол тұлғалардың бүгінгі таңға 214-і анықталған.

Қорық-музейде 25000 дана құнды тарихи жәдігер қордаланған. Олардың арасындағы жазба, археологиялық этнография және нумизматикалық тобына жататын жәдігердің талапқа сай сақталуы үшін соңғы үлгідегі арнайы құрылғы сатып алынып орнатылды. Қор бөліміндегі еңбек ететін реставратор Ресейден арнайы біліктілікті жоғарылату курсына оқып келген мамандар. Екінші бағыты — қорық-музей ретінде ғасырлар елегінен өтіп, бүгінгі күнге жеткен көне, тарихи құнды жәдігерлерді сақтау, қорғау, қайта қалпына келтіру және оларды насихаттау жұмысын жүргізеді.

АНТАНЫҢ АМААЫ



Фото: tv.sputniknews.ru

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алкасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі		Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Талғатжан МҰХАМАДИЕВ — Шығыс Қазақстан облысы		Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА		Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2203; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы – 23 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i>	
Тілшілер мен қызметкерлер: Макпал НОҒАЙБАЕВА — <i>арнаулы тілші</i> Әбдіманап КЕНЕС — <i>жастар және ғылым</i> Кәмшат ТӨЛЕШОВА — <i>терімші</i> Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — <i>web-caim</i>		Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА		Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.			